

Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 154 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 6 маусымда № 7701 тіркелді

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 129 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4516 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2007 жылғы 2 ақпанда № 17 (1046), Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында 2006 жылғы желтоқсанда – 2007 жылғы қаңтарда жарияланған);

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 129 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» 2007 жылғы 25 маусымдағы № 60 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4840 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2007 жылғы 15 тамызда № 124 (1153) жарияланған);

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 129 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 24 тамыздағы № 76 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5823 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2009 жылғы 6 қарашада № 170 (1593), Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында 2009 жылғы № 12 жарияланған).

3. Осы қаулы 2012 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Г. Марченко

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы

Статистика агенттігі

Төраға _____ Ә.А. Смайылов

2012 жылғы «17» мамыр

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

Министр _____ Б. Жәмішев

2012 жылғы «1» маусым

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы

Сыртқы істер министрлігі

Жауапты хатшы _____ Р. Жошыбаев

2012 жылғы «25» мамыр

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы

Экономикалық даму және сауда министрлігі
Министр _____ Б.Ә. Сағынтаев
2012 жылғы «28» мамыр

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2012 жылғы 28 сәуірдегі
№ 154 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына және «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және резиденттердің және резидент еместердің валюталық операцияларды жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ тіркеу және хабарлау режимдерінің жалпы ережелерін және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) валюталық операцияларды тіркеуді және Ұлттық Банкке валюталық операциялар туралы және шетел банкіндегі банк шоты туралы хабарлауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Валюталық операцияларды жүзеге асыру тәртібі валюталық операциялар бойынша ақша төлемі мен аударымын жүргізуге, шетел валютасын сатып алу және сатуға, қолма-қол шетел валютасын алуға (есептеуге) және пайдалануға қатысты белгіленеді.

Тіркеу және хабарлау режимдерінің жалпы ережелері асып кеткен жағдайда тіркеудің немесе хабарлаудың талаптары туындайтын шекті мәндерді, сондай-ақ тіркеу және хабарлау режимдеріндегі ерекше жағдайларды айқындайды.

Ұлттық Банктің валюталық операцияларды тіркеуді және Ұлттық Банкке валюталық операциялар туралы және шетел банкіндегі банк шоты туралы хабарлауды жүзеге асыру тәртібі валюталық операциялардың жекелеген түрлері үшін тіркеу және хабарлау рәсімдерінен, резиденттердің берілген тіркеу куәліктері мен хабарлама туралы куәліктер шегінде мәліметтер беру нысаны мен тәртібінен, валюталық реттеу режимдерінің жеке жағдайларынан, сондай-ақ өтпелі ережелерден тұрады.

2. Осы Қағидаларда қолданылатын ұғымдар Заңда көрсетілген мағынада пайдаланылады. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай терминдер мен ұғымдар да пайдаланылады:

1) **алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.03.2015 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен;**

2) инвестициялау объектісі – бағалы қағаздары (қатысушылардың дауыстары) сатып алынатын (сатып алынған) заңды тұлға, инвестициялық пай қоры, сондай-ақ мүлкіне мүліктің жарна салынатын (салынған) ұйымдар. Депозитарлық қолхаттармен операциялар жүргізген жағдайда олардың базалық активі болып табылатын бағалы қағаз эмитенті инвестициялау объектісі болып табылады;

3) өз операциялары – валюталық шарттың тарабы болып табылатын резиденттің өз атынан және өз қаражаты есебінен жүзеге асыратын валюталық операциялары;

4) резидент емес эмитенттердің бағалы қағаздары – базалық активі резидент емес эмитенттердің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының және (немесе) эмитент елінің заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар ретінде танылатын қаржы құралдары;

5) резидент эмитенттердің бағалы қағаздары – базалық активі резидент эмитенттердің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар ретінде танылатын қаржы құралдары;

6) тікелей инвестициялау объектісі – дауыс беретін акцияларының он және одан көп пайызы немесе қатысушылардың жалпы дауыс санының он және одан көп пайызы тікелей инвесторға тиесілі (тиесілі болатын) заңды тұлға;

7) тікелей инвестор – инвестициялау объектісіне тікелей инвестициялауды жүзеге асыратын (жүзеге асырған) заңды немесе жеке тұлға.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.03.2015 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7584 тіркелген, Ұлттық Банк Басқармасының «Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру және резиденттердің экспорт және импорт бойынша келісімшарттардың есептік нөмірлерін алу қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 ақпандағы № 42 қаулысына (бұдан әрі – Экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидалары) сәйкес айқындалатын күн экспорт немесе импорт күні болып табылады.

4. Егер осы Қағидаларда өзгеше жазылмаса, заңды тұлғаларға қатысты белгіленген нормалар олардың филиалдарына және өкілдіктеріне де қатысты қолданылады.

5. Осы Қағидаларға сәйкес талап етілетін ақпаратты (хабарлама, есептер, жазбаша хабарлар) уәкілетті банктер берілетін деректердің құпиялылығын және сәйкестігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғаныш құралдары бар ақпаратты кепілдікпен жеткізетін көлік жүйесін пайдалана отырып, қағаз тасымалдағышта не электрондық тәсілмен ұсынады.

6. Уәкілетті банк Экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бұзуды есептемегенде, күнтізбелік ай ішінде өзіне мәлім болған, банк клиенттері жол берген Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын бұзу фактілері туралы Ұлттық Банкке осы Қағидалардың 1-қосымшасында белгіленген нысан бойынша, келесі күнтізбелік айдың соңғы күнінен кешіктірмей хабарлайды.

2. Валюталық операциялар бойынша ақша төлемдері мен аударымдарын жүргізу тәртібі

7. Валюталық операция бойынша ақша төлемі мен (немесе) аударымын уәкілетті банк арқылы жүргізген кезде ақша жөнелтуші немесе алушы болып табылатын резидент (резидент емес) уәкілетті банкке мынадай құжаттар ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжат (жеке тұлғалар үшін);

2) Қазақстан Республикасында тұрақты тұру құқығын растайтын құжат (жеке тұлғалар – шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар үшін), егер болса;

3) Қазақстан Республикасында мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәлік (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеуге тиіс резидент заңды тұлғалар үшін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептік тіркеуге тиіс резидент емес филиалдар (өкілдіктер) үшін), осындай құжат бұрын ұсынылмаған не өзгерген жағдайда;

4) Осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, валюталық шарт. Егер валюталық шарт экспортпен немесе импортпен байланысты және келісімшарттың есептік нөмірін алуды талап етсе, валюталық шарттың түпнұсқасы немесе оның келісімшарттың есептік нөмірін алғандығы туралы белгісі бар көшірмесі;

5) Осы Қағидаларда көзделген жағдайларда тіркеу куәлігі, хабарлама туралы куәлік;

6) Осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, экспортпен немесе импортпен байланысты мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын растайтын не орындау қажеттігіне негіз болатын құжаттар немесе олардың көшірмелері.

Мәміленің жағдайларын нақтылау, операцияны және оның қатысушыларын жіктеу мақсатында заңды тұлға уәкілетті банктің талап етуі бойынша құрылтай құжаттарын ұсынады.

Резидент (резидент емес) осы тармаққа сәйкес талап етілетін құжаттарды және

мәліметтерді ұсынбаған жағдайда уәкілетті банк осы Қағидалардың 9-тармағының екінші бөлігінде, 10 және 12-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, валюталық операция бойынша ақша төлемін және (немесе) аударымын жүргізбейді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Жеке тұлғалар арасындағы валюталық операция бойынша Қазақстан Республикасының шегінде жүзеге асырылатын өтеусіз ақша аударымы үшін, сондай-ақ жеке тұлғаның шетел банкіндегі өз банк шотына (өзінің банк шотынан) ақша аударуы үшін валюталық шартты ұсыну талап етілмейді.

Тіркеу, хабарлау немесе келісімшарттың есептік нөмірін алу талаптары айқындалған валюталық операция бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымы үшін валюталық шартты ұсыну міндетті. Өзге жағдайларда резиденттің және резидент еместің банк шоты бойынша баламасы он мың АҚШ долларына тең немесе одан аспайтын сомада ақша төлемін және (немесе) аударымын жүргізген кезде, егер:

- 1) ақшаны жөнелтуші (алушы) резидент емес немесе резидент жеке тұлға болса;
- 2) ақшаны жөнелтуші (алушы) резидент заңды тұлға болса және ақшаны жөнелтуші (алушы) бұл ақша төлемі және (немесе) аударымы тіркеу куәлігін, хабарлама туралы куәлікті, келісімшарттың есептік нөмірін алуды талап ететін валюталық операцияны жүзеге асырумен байланысты емес екендігін растаса, осы Қағидалардың 7-тармағының 4) және 6) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

Егер ақша төлемі және (немесе) аударымы валютасы АҚШ долларынан өзгеше болса, ақша төлемі және (немесе) аударымы сомасының баламасы операция жүргізілген күнгі валюта айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып есептеледі.

9. Резидент тіркеу куәлігі және (немесе) хабарлама туралы куәлік талап етілетін валюталық операция бойынша ақша төлемін және (немесе) аударымын жүргізген кезде резидент уәкілетті банкке осындай құжаттардың түпнұсқаларын (Ұлттық Банк берген телнұсқаларды) және көшірмелерін ұсынады. Оларды салыстырып тексергеннен кейін көшірмелері уәкілетті банкте қалады, ал түпнұсқалары (Ұлттық Банк берген телнұсқалары) резидентке қайтарылады. Осы Қағидалардың 73-тармағының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда тіркеу куәлігінің (хабарлама туралы куәліктің) түпнұсқасының орнына валюталық шарттың өзге резидент-қатысушылары тіркеу куәлігінің (хабарлама туралы куәліктің) Ұлттық Банктің мөрімен куәландырылған көшірмесін ұсынады.

Резидентте хабарлама туралы куәлік болмаған жағдайда уәкілетті банк хабарлама туралы куәлікті алу қажеттілігі туралы резидентке кез келген нысанда хабарлай отырып, операцияны жүргізеді. Бұл ретте уәкілетті банк ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-на дейін (қоса алғанда) Ұлттық Банктің орталық аппаратына осы Қағидалардың 2-қосымшасында белгіленген нысан бойынша валюталық операциялар бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымдары туралы есеп береді. Төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған валюталық операциялар бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымдары резиденттен осындай ақша төлемі және (немесе) аударымдары туралы ақпарат келіп түскен кезеңдегі есепке кіргізіледі.

Тіркеу куәлігі талап етілетін валюталық операция бойынша резиденттің пайдасына ақша түскен кезде уәкілетті банк резидентке тіркеу куәлігін ұсыну қажеттігі туралы хабарлайды және көрсетілген құжатты резидент ұсынғаннан кейін ғана түскен ақшаны оның банк шотына аударады.

Егер тіркеу куәлігі немесе хабарлама туралы куәлік ресімделген валюталық шартқа осы Қағидалардың 28-тармағының 1), 2), 6) тармақшаларына сәйкес жаңа тіркеу куәлігін немесе хабарлама туралы куәлікті алуды талап ететін өзгерістер енгізілсе, осы Қағидалардың 7-тармағының 5) тармақшасында көзделген құжат ретінде қолданыстағы тіркеу куәлігін немесе хабарлама туралы куәлікті қабылдауға жол беріледі. Бұл ретте уәкілетті

банк резидентке жаңа тіркеу куәлігін немесе хабарлама туралы куәлікті алу қажеттігі туралы кез келген нысанда хабарлайды.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Резидент (резидент емес) валюталық операция бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымын уәкілетті банк шығарған төлем карточкасын пайдалана отырып, осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген құжаттарды уәкілетті банкке алдын ала ұсынбай жүзеге асырады. Егер осы Қағидаларда өзгеше көзделмесе, көрсетілген құжаттар уәкілетті банктің немесе Ұлттық Банктің сұратуы бойынша ұсынылады.

11. Резидент заңды тұлға корпоративтік төлем карточкасын пайдалана отырып, валюталық операция бойынша сомасы он мың АҚШ доллары баламасынан асатын ақша төлемін және (немесе) аударымын жүргізген жағдайда, резидент заңды тұлға уәкілетті банкке валюталық шартты ұсынады. Резидент заңды тұлға көрсетілген құжатты жоғарыда көрсетілген операция жүргізілген күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде ұсынады.

Егер ақша төлемі және (немесе) аударымы валютасы АҚШ долларынан өзгеше болса, ақша төлемі және (немесе) аударымы сомасының баламасы операция жүргізілген күнгі валюта айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып есептеледі.

12. Ақша жөнелтуші (алушы) жеке тұлғаның валюталық шартты ұсыну мүмкіндігі болмаған жағдайда, уәкілетті банк валюталық операция бойынша ақша төлемін және (немесе) аударымын ақша жөнелтуші (алушы) мұндай аударымның мақсатын көрсеткен және оның:

1) уәкілетті банкке осындай ақша төлемі және (немесе) аударымы туралы ақпаратты талап етуі бойынша Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына және Ұлттық Банкке ұсынуын рұқсат ететін;

2) осы ақша төлемі және (немесе) аударымының тіркеу куәлігін, хабарлама туралы куәлікті, келісімшарттың есептік нөмірін (резидент-жеке тұлғалар үшін) алуды талап ететін валюталық операцияны жеке тұлғаның жүзеге асыруымен байланысты емес екендігін растайтын;

3) осы ақша төлемі және (немесе) аударымының жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметімен байланысты емес екендігін (ақшаны уәкілетті банкте шот ашпай-ақ аударған кезде) растайтын;

4) осы ақша төлемі және (немесе) аударымының террористік және экстремистік қызметті қаржыландырумен және терроризмге не экстремизмге өзге де қолдау көрсетумен байланысты емес екендігін растайтын жасаған немесе растаған жазбалары болған кезде ғана жүргізеді.

Бұл тармақтың ережелері жеке тұлғаның банк шоты бойынша уәкілетті банктің төлем карточкасын пайдалана отырып жүзеге асырылатын ақша төлемдеріне және (немесе) аударымдарына қолданылмайды.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-т. қараңыз) қаулысымен.

13. Уәкілетті банк ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-на дейін (қоса алғанда) Ұлттық Банктің орталық аппаратына осы Қағидалардың 3-қосымшасында белгіленген нысан бойынша, жеке тұлғалар валюталық операциялар бойынша күнтізбелік ай ішінде жүзеге асырған мынадай ақша төлемдері және (немесе) аударымдары туралы:

1) егер ақша төлемінің және (немесе) аударымының сомасы он мың АҚШ доллары баламасынан асып кетсе, уәкілетті банкте шот ашпай жүргізілген ақша төлемі және (немесе) аударымы туралы;

2) егер мұндай ақша төлемінің және (немесе) аударымының сомасы елу мың АҚШ доллары баламасынан асқан болса, банк шоттары бойынша осы Қағидалардың 12-тармағында белгіленген тәртіппен жүргізілген ақша төлемі және (немесе) аударымы туралы;

3) егер мұндай ақша төлемінің және (немесе) аударымының не алынатын ақшаның сомасы

он мың АҚШ доллары баламасынан асып кетсе, уәкілетті банктің төлем карточкасын пайдалана отырып жүргізілген валюталық операция бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымы не банк шотынан алынған қолма-қол ақша туралы ақпараттан тұратын есепті ұсынады.

Егер ақша төлемінің және (немесе) аударымының не алынатын ақшаның валютасы АҚШ долларынан өзгеше болса, ақша төлемі және (немесе) аударымы сомасының баламасы операция жүргізілген күнгі валюта айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып есептеледі.

Осы Қағидалардың 3-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есепке жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының шегінде жүзеге асырған валюталық операция бойынша ақша төлемдері және аударымдары бойынша, сондай-ақ жеке тұлғалардың шетел банктеріндегі өз банк шоттарына (өздерінің банк шоттарынан) ақша аударымдары бойынша ақпарат кірмейді.

14. Резиденттің және (немесе) резидент еместің міндеттемелерін орындау есебіне резидент үшінші тұлға уәкілетті банк арқылы валюта операция бойынша жүргізетін ақша төлемі және (немесе) аударымы резидент үшінші тұлға мен атына ақша төлемі және (немесе) аударымы жүзеге асырылатын тұлғаның арасындағы өзара міндеттемелердің сипатын айқындайтын шартты ұсынған жағдайда, егер бұл осындай ақша төлемін және (немесе) аударымын жүзеге асыруға негіз болған валюталық шартта көрсетілмесе, жол беріледі.

Егер резидент жеке тұлға валюталық операция бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымын жұбайының (зайыбының) немесе жақын туысының міндеттемелерін орындау есебіне жүзеге асырған жағдайда, осындай жеке тұлғалардың арасындағы өзара міндеттемелердің сипатын айқындайтын шарт ретінде ақша жөнелтушінің міндеттемелерді орындау есебіне ақша төлемі және (немесе) аударымы жүзеге асырылатын жеке тұлғаның жұбайы (зайыбы) немесе жақын туысы болып табылатынын растайтын құжат ұсынылады.

15. Резидент еместің шетел банкіндегі шотынан резиденттің міндеттемелерін орындау есебіне жүзеге асырылатын резиденттің валюталық операциясы бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымына мынадай:

1) резидент резидент еместен алған қаржылай қарыз үшінші тұлғалардың банк шотына есептелген;

2) бағалы қағаздар нарығында резидентке ол тіркелген мемлекеттің заңнамасы бойынша бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға құқығы бар резидент емес қаржылық қызметтерді көрсеткен;

3) резидент емес тапсырма шарты бойынша резидентке қызмет көрсеткен жағдайда жол беріледі.

3. Шетел валютасын сатып алу және сату тәртібі

Ескерту. 3-тарау жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.03.2015 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. Заңды тұлғалар (уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдарды қоспағанда) ішкі валюта нарығында шетел валютасын уәкілетті банктер арқылы осы Қағидалардың 17 немесе 19-тармақтарына сәйкес ресімделетін шетел валютасын сатып алуға немесе сатуға арналған өтінімнің негізінде сатып алады және сатады.

17. Уәкілетті банк немесе уәкілетті ұйым болып табылмайтын резидент заңды тұлға уәкілетті банк арқылы шетел валютасын сатып алуға арналған өтінімді ресімдеген кезде шетел валютасын сатып алудың мақсаты мен сомасын көрсетеді.

Шетел валютасын бір жүз мың АҚШ долларынан асатын баламалы сомаға ұлттық валютаға сатып алатын жағдайда, уәкілетті банк немесе уәкілетті ұйым болып табылмайтын резидент заңды тұлға өтінімге қоса орындау мақсатында шетел валютасы сатып алынатын валюталық шарттың көшірмесін және (немесе) шетел валютасын сатып алу мақсатын және сомасын растайтын өзге де құжаттарды береді.

18. Уәкілетті банк осы Қағидалардың 17-тармағына сәйкес ресімделген шетел валютасын бір жүз мың АҚШ долларынан асатын баламалы сомаға ұлттық валютаға сатып алуға арналған өтінімді орындаған кезде өтінімде көрсетілген шетел валютасын сатып алу

мақсатын және сомасын валюталық шартпен және (немесе) шетел валютасын сатып алу мақсаты мен сомасын растайтын өзге де құжаттармен салыстырып тексеруді жүзеге асырады.

19. Шетел валютасын уәкілетті банк арқылы ұлттық валютаға сатып алуға немесе сатуға арналған өтінімді ресімдеген кезде резидент емес заңды тұлға шетел валютасын сатып алудың немесе сатудың мақсатын көрсетеді.

4. Қолма-қол шетел валютасын алу (аудару) және пайдалану тәртібі

20. Жеке тұлғалар уәкілетті банктердегі өздерінің банк шоттарынан (өздерінің банк шоттарына) қолма-қол шетел валютасын шектеусіз алады (аударыды).

21. Заңды тұлғаның уәкілетті банктегі банк шотынан қолма-қол шетел валютасы Заңның 16-бабы 1-тармағының 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда жеке тұлғаларға төлемдерді, сондай-ақ Заңның 16-бабы 1-тармағының 3), 4) және 7) тармақшаларында көзделген жағдайларда жеке тұлғалармен есеп айырысуды жүзеге асыру мақсаттарында алынады.

22. Заңды тұлға Заңның 16-бабы 1-тармағының 5) және 6) тармақшаларына сәйкес жеке тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру мақсатында өзінің банк шотынан қолма-қол шетел валютасын алған кезде уәкілетті банкке қызметкерлерге еңбекақы төлеуге не олардың Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге іссапарымен байланысты шығыстарды, оның ішінде өкілдік шығыстарды төлеуге негіз болған құжаттарды алынатын қолма-қол шетел валютасының сомасын көрсете отырып ұсынады. Заңды тұлға ұсынатын құжаттар нысаны бойынша шектелмейді және олар төлемнің (ақы төлеудің) мақсатын растауы тиіс. Осындай құжаттар ретінде бұйрықты, өкімді, шешімді, іссапар шығыстарының сметасын ұсынуға болады.

Қолма-қол шетел валютасы корпоративтік төлем карточкасын пайдалана отырып алынған жағдайда, көрсетілген құжаттар уәкілетті банкке осындай алынған күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде ұсынылады.

Қызметкерлердің Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге іссапарымен байланысты шығыстарды, оның ішінде өкілдік шығыстарды төлеу үшін заңды тұлға бұған дейін алған қолма-қол шетел валютасының пайдаланылмаған бөлігі заңды тұлғаның уәкілетті банктегі банк шотына қызметкерлердің іссапар мерзімі аяқталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде міндетті түрде аударылуы тиіс.

23. Қолма-қол шетел валютасын заңды тұлғаның уәкілетті банктегі банк шотына аударған кезде кіріс касса құжатында қолма-қол шетел валютасын алу негіздемесі көрсетіледі. Заңның 16-бабы 1-тармағының 3), 4), 6), 7) және 7-1) тармақшаларына сәйкес заңды тұлғалар алған қолма-қол шетел валютасын аудару жағдайларын қоспағанда, уәкілетті банк Ұлттық Банкке осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес заңды тұлғаның банк шотына қолма-қол шетел валютасын аудару фактісі туралы хабарлайды.

24. Осы Қағидалардың 21-23-тармақтарында жазылған нормалар Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктеріне, консулдық мекемелеріне қолданылмайды.

5. Тіркеу және хабарлау режимдерінің жалпы ережелері

25. Тіркеу куәлігі, хабарлама туралы куәлік резидент жеке және заңды тұлғаларға беріледі.

Резидент, тиісінше Заңның 8-бабының 3, 3-1-тармақтарында, 9-бабының 2-тармағында айқындалатын мерзімде тіркеу куәлігін алуға өтініш береді, Ұлттық Банкке хабарлайды.

26. Банк болып табылмайтын резидент заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) тіркеуге және (немесе) осы филиал (өкілдік) жүзеге асыратын валюта операциясы туралы хабарлай отырып өтініш берген кезде тіркеу куәлігі және (немесе) хабарлама туралы куәлік резидент заңды тұлғаға тиісті филиалды (өкілдікті) көрсете отырып беріледі. Бұдан әрі осы операциялар бойынша филиал (өкілдік) есепті ұсынады.

Банк филиалының (өкілдігінің) валюталық операциялары туралы хабарламасымен банк өтініш береді.

27. Резидент тіркеу және (немесе) хабарлау орны бойынша валюталық шартқа барлық өзгерістер мен толықтырулар туралы тиісті құжаттардың көшірмелерін бере отырып, осындай өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап алпыс күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлайды.

28. Бұрын берілген тіркеу куәлігінің және (немесе) хабарлама туралы куәліктің орнына жаңасын алу бұрын берілген тіркеу куәлігінде және (немесе) хабарлама туралы куәлікте көрсетілген мынадай мәліметтер өзгерген кезде талап етіледі:

- 1) валюталық шарттың жалпы сомасы ұлғаю жағына;
- 2) валюталық шарттың валютасы;
- 3) валюталық шарттың қатысушылары, егер өзгеріс валюталық шартқа қатысушы-резидент талаптарының немесе міндеттемелерінің өзгеруіне әкелсе;
- 4) валюталық шарттың қатысушыларының сәйкестендіру деректері (жеке тұлғаның тегі, аты немесе заңды тұлғаның атауы);
- 5) валюталық шарттың мәні;
- 6) валюталық шарттың қолданылу мерзімі – қысқа мерзімнен (қоса алғанда бір жылға дейін) ұзақ мерзімге (бір жылдан артық) өткен кезде;
- 7) резиденттің тұрғылықты (тұратын) орны – басқа облысқа, Алматы, Астана қалаларына көшкен кезде;
- 8) резидент еместің тұрғылықты (тұратын) елі.

Резидент басқа резидентке резидент емеске қойылатын талапты берген және (немесе) резидент басқа резидентке резидент еместің алдындағы борышын аударған кезде қаржылай қарыздың (коммерциялық кредиттің) мерзімі бастапқы кредитордың (бастапқы борышкердің) талабы (міндеттемесі) пайда болған күннен есептеледі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

29. Тіркеу куәлігі, хабарлама туралы куәлік мына жағдайларда:

- 1) осы Қағидалардың 28-тармағында көзделген жағдайда, жаңа тіркеу куәлігі және (немесе) хабарлама туралы жаңа куәлік беру кезінде;
- 2) егер валюта операциясы заңнамада белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылса;
- 3) Ұлттық Банк резиденттің қолданылу мерзімі аяқталған шарт бойынша тараптардың міндеттемелерін орындаудың жоқ екендігі туралы жазбаша хабарламасын алғаннан кейін;
- 4) резидент тікелей инвестор және (немесе) тікелей инвестициялау объектісі болып табылатын жағдайларды қоспағанда, Ұлттық Банк тараптар арасындағы міндеттемелердің толық тоқтатылғаны туралы резиденттің жазбаша хабарламасын алғаннан кейін, сондай-ақ олардың сәйкестендіру деректері (аты-жөні немесе фирмалық атауы) өзгерген;
- 5) Ұлттық Банк резиденттің активтерге иелік ету аяқталғаны туралы жазбаша хабарламасын алғаннан кейін;
- 6) Ұлттық Банк резиденттің шетел банкіндегі шоттың жабылғандығы туралы жазбаша хабарламасын алғаннан кейін;
- 7) Ұлттық Банк валюталық шарт тараптарының резиденттілігі өзгергені туралы резиденттің жазбаша хабарламасын алғаннан кейін, оның нәтижесінде операция валюталық реттеу режиміне тап болмай қалған жағдайда;
- 8) заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркеліміне резидент заңды тұлғаның қызметін тоқтату туралы жазба енгізілгенде;
- 9) қайтыс болуды, сондай-ақ резидент жеке тұлғаны қайтыс болды деп жариялау туралы және қайтыс болу фактісін анықтау туралы соттың шешімдерін азаматтық хал актілерін жазатын мемлекеттік органдарда тіркегенде күші жойылды деп саналады.

30. Валюталық реттеу режимі мыналарға қолданылмайды:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыртқы қарыздары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілі бар мемлекеттік емес сыртқы қарыздар туралы

келісімдер, сондай-ақ осындай келісімдер шеңберінде жүзеге асырылатын операциялар;

2) келісімшарттың есептік нөмірін алу талап етілетін экспортпен (импортпен) байланысты коммерциялық кредиттер;

3) резидент еместердің қайталама нарықта басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес және солардың аумағында шығарылған резидент эмитенттердің бағалы қағаздарын (резидент эмитенттердің бағалы қағаздарына шығарылған депозитарлық қолхаттарды қоса алғанда) сатып алуы;

4) резиденттердің қайталама нарықта Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған резидент емес эмитенттердің бағалы қағаздарын (Қазақстандық депозитарлық қолхаттарды қоса алғанда) сатып алуы;

5) банктердің басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес және олардың аумағында шығарылған резидент емес эмитенттердің бағалы қағаздарын және резидент емес инвестициялық қорлардың пайларын (тікелей инвестицияларды қоспағанда) сатып алуға байланысты меншікті операциялары;

6) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес және олардың аумағында шығарылған резидент емес эмитенттердің бағалы қағаздарын және резидент емес инвестициялық қорлардың пайларын сатып алуға байланысты операциялары;

7) резидент еместердің Қазақстан Республикасында шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуы;

8) банктердің жұмыс және қызмет көрсету экспортымен (импортымен), сондай-ақ туынды қаржы құралдарымен байланысты меншікті операциялары;

9) Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінде жүзеге асырылатын валюта операциялары;

10) банктер резидент еместерге 180 күннен асатын мерзімге берген коммерциялық кредиттер және қаржылай қарыздар, сондай-ақ банктер резидент еместерден 180 күннен асатын мерзімге алған коммерциялық кредиттер.

Ескерту. 30-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

31. Егер валюталық шартқа қол қою күні (ол болмаған жағдайда - күшіне енген күні) осындай шарт бойынша жүзеге асырылатын операцияларға валюталық реттеу режимдерінің қолданылуын айқындау үшін қажетті сома және (немесе) өзге де жағдайлар болмағанда валюталық реттеу режимдерінің операцияларға қолданылуы резиденттердің және резидент еместердің валюталық шарт бойынша міндеттемелерінің нақты орындалуын негізге ала отырып айқындалады. Бұл ретте коммерциялық кредит және (немесе) қаржылай қарыз, егер 180 күннен астам мерзімге жасалған тиісті валюталық шарт шеңберінде экспорттың (импорттың) бөліктері бойынша және (немесе) қарыз қаражатын беру және тараптардың әр бөлік бойынша міндеттемелерді 180 күннен аспайтын мерзімде орындауын жүзеге асыру көзделсе тіркеуге, хабарлауға жатпайды.

Тараптардың коммерциялық кредиттер бойынша нақты орындалған міндеттемелері бойынша әрбір келесі төлем (жеткізу) неғұрлым ертерек күнмен жүзеге асырылған жеткізу (төлем) бойынша берешекті өтеу есебіне есептеледі. Төлемнің (жеткізудің) қалған бөлігі келесі төлем (жеткізу) бойынша берешекті өтеу есебіне есептеледі.

Жеткізу (төлем) бойынша берешекті толық өтеу кезінде коммерциялық кредиттер және қаржылай қарыздар бойынша тіркеу және хабарлау мақсаты үшін 180 күнді есептеудің басталуы ол бойынша өтелмеген берешегі бар келесі жеткізу (төлем) күніне ауысады. Берешек сомасын есептеу барлық жеткізулер (төлемдер) бойынша ол бойынша берешегі бар валюталық шарт шеңберінде 180 күннен кем мерзімге берешекті қоса алғанда, барлық жеткізулер (төлемдер) бойынша жүргізіледі.

32. Валюталық реттеу режимдерінің таралуын айқындау мақсаттары үшін өзге валютада

көрсетілген және шарт бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамына нұсқаулар берілмеген шарт бойынша АҚШ долларындағы валюталық шарт сомасының баламасын есептеу валюталық шартқа қол қойылған күнгі (ол болмаған жағдайда - күшіне енгізілген күнгі) валюталар айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Осы Қағидалардың 31-тармағында көрсетілген жағдайларда шарт бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру үшін өзге валютада көрсетілген және АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамына нұсқаулар берілмеген валюталық шарт бойынша нақты орындалған міндеттемелер сомасының АҚШ долларындағы баламасын есептеу операцияларды жүргізу күнгі валюталар айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

33. Ұлттық Банк келісілген тәртіппен банкке, салық қызметі органдарына берілген және күші жойылған тіркеу куәліктері, хабарлама куәліктері туралы ақпарат ұсынады.

34. Уәкілетті банктер ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ына дейін (қоса алғанда) Ұлттық Банктің орталық аппаратына осы Қағидалардың 4-қосымшасында белгіленген нысан бойынша тіркеу куәліктері, хабарлама туралы куәліктер берілген валюталық шарттар бойынша жүзеге асырылған ақша төлемі және (немесе) аударымдары туралы есеп ұсынады. Төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған валюталық операциялар бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымдары осындай ақша төлемі және (немесе) аударымдары туралы ақпарат резиденттен түскен кезеңдегі есепке қосылады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

35. Резидентке тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің түпнұсқасы жоғалған кезде ол өтінішпен хабарласқан жағдайда жоғалған құжаттың дубликаты беріледі.

Резидент дубликатты алу үшін тіркеу немесе хабарлау орны бойынша жоғалту себебі мен жағдайын көрсете отырып, өтініш береді. Ұлттық Банк өтініш түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде дубликатты ресімдейді және береді. Дубликат бастапқы тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің бастапқы нөмірімен және күнімен «Дубликат» деген сөзді және дубликат берілген күнді көрсете отырып беріледі.

36. Тіркеуді, хабарлама туралы растауды Ұлттық Банк тарапынан тиісті валюталық операциясы (валюталық шарт) бойынша қатысушылардың міндеттемелеріне қатысты қандай да болмасын міндеттеме алмай Ұлттық Банк жүргізеді.

Тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің болуы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын бұзғаны үшін жауапкершіліктен босату үшін негіз болып табылмайды.

37. Валюталық реттеу режимдерінің шеңберінде ұсынылатын және (немесе) тиісті есептерде көрсетілетін мәліметтердің шынайылығына бақылау жасау мақсатында осы Қағидаларда белгіленген жағдайларда және (немесе) Ұлттық Банктің сұратуы бойынша резиденттер Ұлттық Банкке валюталық шарт бойынша міндеттемелердің туындауын, орындалуын және тоқтатылуын растайтын мынадай құжаттарды ұсынады:

1) төлем жүргізу не тауар жеткізудің (жұмысты орындау, қызмет көрсету), сондай-ақ активтерді берудің негізділігін растайтын құжаттардың көшірмелері (төлем құжаттарының, тауар декларацияларының және шот фактуралардың көшірмелері);

2) уәкілетті банктің жүргізілген ақша төлемдері және (немесе) аударымдары туралы анықтамасы;

3) шетел банкінің жүргізілген төлемдер туралы және шетел банкіндегі шоттың жағдайы туралы үзіндісі;

4) Заңның 12-бабының 2-тармағында көзделген жағдайлардың басталуын растайтын құжаттардың көшірмелері.

38. Резидентте борышкерді банкрот деп тану және банкроттық рәсімін қозғай отырып, оны тарату туралы шешім болған кезде Ұлттық Банкке осындай шешімнің көшірмесі ұсынылған

күннен бастап тіркеу куәліктері және (немесе) хабарлама туралы куәліктер бойынша есептілікті ұсыну талап етілмейді. Сот банкроттық туралы іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру немесе тоқтату туралы ұйғарым, борышкерді банкрот деп танудан бас тарту туралы шешім не борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімінің күшін жою туралы шешім шығарған жағдайда резидент есептілікті қайта ұсына бастайды.

Резидентте мемлекеттік кіріс органы аумақтық бөлімшесінің салық төлеушінің (салық агентінің) салық есептілігін ұсынуын тоқтата тұру туралы шешімінің көшірмесі болған жағдайда, Ұлттық Банкке осындай шешімнің көшірмесі ұсынылған күннен бастап салық есептілігін ұсыну қайта қалпына келгенге дейін тіркеу куәліктері және (немесе) хабарлама туралы куәліктер бойынша есептілікті ұсыну талап етілмейді.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Тіркеу режимінің жалпы талаптары

39. Ұлттық Банк осы Қағидалардың 30, 42-тармақтарында көрсетілген операцияларды қоспағанда, мынадай жағдайларда:

1) мүліктің (қаражаттың) Қазақстан Республикасына түсуін және (немесе) резидентте мүлікті (қаражатты) резидент емеске қайтару міндеттемелерінің туындауын көздейтін валюта операциясының сомасы баламасы бес жүз мың АҚШ долларынан асып кеткенде;

2) Қазақстан Республикасынан қаражат аударуды (мүлікті беруді) және (немесе) резидентте мүлікті (қаражатты) резидент еместің қайтаруы талаптарының туындауын көздейтін валюта операциясының сомасы баламасы бір жүз мың АҚШ долларынан асып кеткенде Заңның 20, 21, 23, 24-баптарында айқындалған валюта операцияларын тіркеуді жүзеге асырады.

40. Валюталық шартты тіркеу үшін валюталық шарттың резидент қатысушысы өзінің тұрғылықты жері (жеке тұлға үшін) және орналасқан (заңды тұлға үшін) мекен-жайы бойынша орналасқан Ұлттық Банктің аумақтық филиалына өтініш жасайды.

Осы Қағидаларға 5-қосымшада белгіленген нысан бойынша тіркеу куәлігі өтініш беруші толық құжаттар топтамасын ұсынған күннен бастап он жұмыс күні ішінде беріледі.

Ескерту. 40-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.03.2015 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

41. Резидент тіркеу үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өтініш;

2) валюталық шарттың тігілген және қол қойылған (жеке және заңды тұлғалар үшін) және мөрмен бекітілген (заңды тұлғалар үшін, ол болған жағдайда) көшірмесі. Егер валюталық шарт шет тілінде жасалса, онда оның қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасы ұсынылады;

3) жеке тұлғасын растайтын құжаттың көшірмесі (валюталық операцияны жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін);

4) **алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

5) валюталық шарт бойынша міндеттемелердің туындауын, орындалуын және тоқтатылуын растайтын құжаттардың көшірмесі.

Осы Қағидалардың 28-тармағында көзделген жағдайларда жаңа тіркеу куәлігін алу үшін көрсетілген құжаттар Ұлттық Банкке соңғы ұсынған сәттен бастап өзгермесе қайтадан ұсынылмайды.

Ескерту. 41-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.03.2015 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

42. Осы Қағидалардың 10-12-тарауларына сәйкес хабарлауға жататын мына валюта операциялары тіркеуге жатпайды:

1) банктердің өз операциялары;

2) резидент брокермен жасалған брокерлік қызмет көрсету туралы шарттың негізінде немесе резидент басқарушы компаниямен жасалған инвестициялық портфельді басқару туралы шарттың негізінде жүзеге асырылатын резидент емес (резидент) эмитенттердің бағалы қағаздарымен резиденттердің (резидент еместердің) операциялары;

Осы тармақтың 1) тармақшасындағы ереже тараптардың бірі банк болып табылмайтын резидент валюталық шартқа қолданылмайды. Бұл жағдайларда банк болып табылмайтын резидент тіркелуге өтініш жасайды.

7. Қаржылық заемдарды және коммерциялық кредиттерді тіркеу

43. Қаржылық заемдар мен коммерциялық кредиттерді тіркеуге арналған өтініш көрсетілген қосымшаның жалпы бөлімін және 1-бөлімін толтыра отырып, осы Қағидалардың 6-қосымшасында белгіленген нысан бойынша ұсынылады.

44. Резидент алынған тіркеу куәлігі бойынша тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда), осы Қағидалардың 7-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есепті валюталық шартты тіркеген жерге ұсынады.

45. Қаржы заемы шарты бойынша қаражатты игеру және берешекті өтеу болжамын нақтылау мақсатында Ұлттық Банк осы Қағидалардың 6-қосымшасының 1-бөлімінің 12-тармағында келтірілген нысан бойынша ақпарат сұратады.

46. Заңның 20-бабының 3-тармағының екінші бөлігінде және 23-бабының 2-тармағында көзделген жағдайда Резидент еместердің барлық жеткізулері (төлемдері) бойынша резиденттің берешек сомасы валюталық шарт шеңберінде баламасы бес жүз мың АҚШ долларынан асып кетсе не резиденттің барлық жеткізулері (төлемдері) бойынша резидент еместің берешек сомасы валюталық шарт шеңберінде баламасы бір жүз мың АҚШ долларынан асып кетсе тіркеуден өткізіледі.

8. Тікелей инвестицияларды тіркеу

47. Тікелей инвестицияларды тіркеуге арналған өтініш көрсетілген қосымшаның жалпы бөлімін және 2-бөлімін толтыра отырып, осы Қағидалардың 6-қосымшасында белгіленген нысан бойынша ұсынылады.

48. Тікелей инвестор болып табылатын резидент (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын қоспағанда) активке иелік етуі аяқталғанға дейін алған тіркеу куәлігі бойынша валюталық шартты тіркеген жерге тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) осы Қағидалардың 8-қосымшасында белгіленген нысан бойынша инвестициялау объектісінің капиталына қатысуы бойынша есеп ұсынады.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

49. Тікелей инвестициялау объектісі болып табылатын резидент (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын, инвестициялық портфельді басқарушыларды қоспағанда) тікелей резидент емес инвестордың активке иелік етуі аяқталғанға дейін алған тіркеу куәлігі бойынша валюталық шартты тіркеген жерге тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) осы Қағидалардың 8-қосымшасында белгіленген нысан бойынша инвестициялау объектісінің капиталына қатысуы бойынша есеп ұсынады.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

50. Өзге жағдайларда резиденттер алған тіркеу куәлігі бойынша міндеттемелерді тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) осы

Қағидалардың 9-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есепті валюталық шартты тіркеген жерге ұсынады.

9. Капитал қозғалысының басқа операцияларын тіркеу

51. Бірлескен қызмет қатысушысының міндеттемелерін орындау үшін зияткерлік меншік объектілеріне айырықша құқықты толық сатып алуға, ақша және басқа мүлік беруді тіркеуге өтініш осы Қағидалардың 6-қосымшасында белгіленген нысан бойынша көрсетілген қосымшаның жалпы бөлімін және 4-бөлімін толтыра отырып ұсынылады.

52. Резидент алынған тіркеу куәліктері бойынша тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) осы Қағидалардың 9-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есепті валюталық шартты тіркеген жерге ұсынады.

10. Хабарлама режимінің жалпы талаптары

53. Резиденттер осы Қағидалардың 30-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, мына:

1) мүліктің (қаражаттың) Қазақстан Республикасына түсуін және (немесе) резидентте мүлікті (қаражатты) резидент емеске қайтару міндеттемелерінің туындауын көздейтін валюталық операцияның сомасы бес жүз мың АҚШ доллары баламасынан асқан;

2) Қазақстан Республикасынан қаражаттың аударылуын (мүліктің берілуін) және (немесе) резидентте резидент еместің мүлікті (қаражатты) қайтаруы бойынша талаптар туындауын көздейтін валюталық операцияның сомасы бір жүз мың АҚШ доллары баламасынан асқан;

3) резиденттің резидент емеске және (немесе) резидент еместің резидентке туынды қаржы құралдарымен операциялар (базалық актив үшін төлемді есептемегенде) бойынша, сондай-ақ жұмыстардың, қызметтердің экспортымен (импортымен) байланысты есеп айырысулар бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымы сомасы бір жүз мың АҚШ доллары баламасынан асқан жағдайлар орын алған кезде, Заңның 20-24-баптарында айқындалған валюталық операциялар туралы Ұлттық Банкке хабарлайды.

54. Резидент заңды тұлғалар шетел банкінде банк (оның ішінде жинақ) шотын ашу туралы хабарлайды.

54-1. Банктер Ұлттық Банктің орталық аппаратына осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес электрондық тәсілмен, сондай-ақ электрондық цифрлық қолтаңбамен растау рәсімдері сақталатын байланыс арналары арқылы тұрақты негізде есептер нысанында хабарлайды.

Ұлттық Банк валюталық операцияларды жасаудың мән-жайларын нақтылау мақсатында банктің меншікті операциялары бойынша банктен валюталық шарттың көшірмесін сұратады.

Ескерту. 54-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

55. Резиденттер (банктерді қоспағанда) осы Қағидалардың 58, 60-2, 61, 66 және 68-тармақтарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, осы Қағидалардың 6-қосымшасында белгіленген нысан бойынша меншікті валюталық операциялары туралы өзінің тұрғылықты тұратын (жеке тұлғалар үшін) не орналасқан жері (заңды тұлғалар үшін) бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалына хабарлайды.

Ұлттық Банк хабарламаны растауды осы Қағидалардың 5-қосымшасында белгіленген нысан бойынша хабарлама туралы куәлікті ресімдеу арқылы жүзеге асырады. Хабарлама туралы куәлікті беру хабарламаны алған күннен бастап жеті жұмыс күні өткеннен кейін жүзеге асырылады.

Ұлттық Банк валюталық операциялардың жасалу мән-жайларын нақтылау (операцияларды және олардың қатысушыларын жіктеу) мақсатында валюталық шартты сұратқан жағдайда, хабарлама туралы куәлік талап етілген құжатты алғаннан кейін ресімделеді.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Қаржылай қарыздар және коммерциялық кредиттер туралы хабарлама

56. Банктер ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) Ұлттық Банктің орталық аппаратына осы Қағидалардың 9-1-қосымшасында белгіленген нысан бойынша банктің резидент еместерден қаржылай қарызды тарту талаптары туралы есепті ұсыну арқылы:

1) егер банктің валюталық шарт шеңберіндегі берешегінің сомасы баламасы бес жүз мың АҚШ долларынан асып кетсе, есепті кезеңде резидент еместерден қаржылай қарызды тартудың талаптары туралы (оның ішінде Заңның 23-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда);

2) қаржылай қарыз бойынша осы Қағидалардың 28-тармағының 1)-6), 8) тармақшаларында көрсетілген мәліметтердің есепті кезеңде өзгергендігі туралы хабарлайды.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (қолданысқа енгізілу тәртібін б-т. қараңыз) қаулысымен.

57. Банктер тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на (қоса алғанда) дейін осы Қағидалардың 9-2-қосымшасында белгіленген нысан бойынша банк резидент еместерден тартқан қаржылай қарыздарды игеру және оларға қызмет көрсету туралы есеп ұсынады.

Осы Қағидалардың 9-2-қосымшасында белгіленген нысан бойынша банк резидент еместерден тартқан қаржылай қарыздарды игеру және оларға қызмет көрсету туралы есеп есепті кезеңнің басында және (немесе) соңында өтелмеген міндеттемелері бар резидент еместерден банктер тартқан барлық қаржылай қарыздар туралы ақпараттан тұрады.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

58. Жұмыстардың, қызметтердің экспорты (импорты) бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымын жүргізген кезде резиденттің хабарлауы талап етілмейді. Уәкілетті банк резидент-клиенттердің көрсетілген ақша төлемі және (немесе) аударымы бойынша ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-на дейін (қоса алғанда) Ұлттық Банктің орталық аппаратына осы Қағидалардың 2-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есепті ұсынады. Төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған валюталық операциялар бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымы резиденттен осындай ақша төлемі және (немесе) аударымы туралы ақпарат келіп түскен кезеңдегі есепке кіргізіледі.

Резиденттің тіркеу куәлігі, хабарлама туралы куәлік берілген валюталық шарт шеңберінде жүзеге асырылатын жұмыстардың, қызметтердің экспорты (импорты) бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымы туралы ақпарат осы Қағидалардың 34-тармағына, ал келісімшарттың есептік нөмірі алынған валюталық шарт шеңберінде жүзеге асырылатындар бойынша Экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру ережесіне сәйкес ұсынылады.

Ұлттық Банк валюталық операцияларды жүргізу жағдайларын нақтылау мақсатында резиденттен валюталық шарттың көшірмесін сұратады.

12. Тікелей инвестициялар, жарғылық капиталға қатысу, бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен операциялар туралы хабарлама

59. Мына операциялар хабарлануға жатады:

1) резидент брокермен жасалған брокерлік қызмет көрсету туралы шарт негізінде немесе резидент басқарушы компаниямен жасалған инвестициялық портфельді басқару туралы шарт негізінде жүзеге асырылатын тікелей инвестициялар;

2) банктердің шетелге тікелей инвестицияларымен және резидент еместердің Қазақстан Республикасына тікелей инвестицияларымен байланысты меншікті операциялары;

3) резиденттердің (резидент еместердің) резидент емес (резидент) болып табылатын ұйымның капиталына қатысуын қамтамасыз ету мақсатында немесе осындай ұйымның мүлкіне

жарна (тікелей инвестицияларды қоспағанда) ретінде ақшаны және өзге мүлікті енгізуі;

4) резиденттердің басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес және олардың аумағында шығарылған резидент емес эмитенттердің бағалы қағаздарын, резидент емес инвестициялық қорлардың пайларын сатып алуы;

5) резидент еместердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған резидент эмитенттердің бағалы қағаздарын, резидент инвестициялық қорлардың пайларын сатып алуы;

6) резидент емес эмитенттердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздарын орналастыру, сондай-ақ қазақстандық депозитарлық қолхаттарды орналастыру;

7) резидент эмитенттердің басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес және олардың аумағында шығарылған бағалы қағаздарын орналастыру, сондай-ақ базалық активі резидент эмитенттердің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттарды орналастыру;

8) резиденттер мен резидент еместердің арасындағы туынды қаржы құралдарымен операциялар;

9) резидент еместердің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, инвестициялық портфельді басқарушыға тікелей инвестициялары, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шетелге тікелей инвестициялары.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

60. Мына резиденттер осы Қағидалардың 6-қосымшасында белгіленген нысан бойынша, көрсетілген қосымшаның жалпы бөлігін және 2-бөлімін толтыра отырып, меншікті операциялары:

1) брокерлер (банктерді қоспағанда), басқарушы компаниялар – тікелей инвестицияларды қоспағанда, осы Қағидалардың 59-тармағының

3) тармақшасында көрсетілген операциялар туралы;

2) өзге резиденттер – тікелей инвестицияларды қоспағанда, осы Қағидалардың 59-тармағының 3)-5), 8) тармақшаларында көрсетілген операциялар туралы хабарлайды.

Осы тармақтың ережелері резидент брокермен жасалған брокерлік қызмет көрсету туралы шарт немесе резидент басқарушы компаниямен жасалған инвестициялық портфельді басқару жөніндегі шарт негізінде жүзеге асырылатын операцияларға қолданылмайды. Көрсетілген операциялар туралы брокер немесе басқарушы компания хабарлайды.

Ескерту. 60-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

60-1. Банктер ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-на дейін (қоса алғанда) осы Қағидалардың 59-тармағының 2), 3), 5) (үлестік бағалы қағаздарды сатып алған кезде), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген меншікті операциялары бойынша Ұлттық Банктің орталық аппаратына осы Қағидалардың 2-қосымшасында белгіленген нысан бойынша валюталық операциялар бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымдары туралы есеп ұсынады.

Ескерту. 60-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

60-2. Резиденттер осы Қағидалардың 59-тармағының 6), 7), 9) тармақшаларында көрсетілген операциялар туралы хабарламайды. Уәкілетті банк ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-на дейін (қоса алғанда) резидент-клиенттердің осындай операциялары бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымдары туралы Ұлттық Банктің орталық аппаратына осы Қағидалардың 2-қосымшасында белгіленген нысан бойынша хабарлайды.

Ұлттық Банк валюталық операциялардың жасалу мән-жайларын нақтылау мақсатында резиденттен валюталық шарттың көшірмесін сұратады.

Ескерту. 60-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

61. Мына резиденттер ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-не дейін (қоса алғанда) Ұлттық Банктің орталық аппаратына осы Қағидалардың 10-қосымшасында белгіленген нысан бойынша:

1) банктер осы Қағидалардың 59-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген өздерінің операциялары (үлестік бағалы қағаздармен операцияларды қоспағанда) туралы;

2) брокерлер (банктерді қоспағанда), басқарушы компаниялар осы Қағидалардың 59-тармағының 4), 5), 8) тармақшаларында көрсетілген операциялар туралы;

3) брокерлер, басқарушы компаниялар осы Қағидалардың 59-тармағында көзделген және брокер резидентпен жасалған брокерлік қызмет көрсету туралы шарт немесе резидент басқарушы компаниямен жасалған инвестициялық портфельді басқару жөніндегі шарт негізінде жүзеге асырылатын операциялар туралы есепті ұсыну арқылы хабарлайды.

Осы Қағидалардың 10-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есеп бағалы қағаздарды (қатысу үлестерін) иемдену және сату бойынша операциялардан тұрады.

62. Резидент (банктер мен брокерлерді қоспағанда) алынған хабарлама туралы куәлік бойынша хабарламаның берілген орны бойынша тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) осы Қағидалардың 8-қосымшасында белгіленген нысан бойынша инвестициялау объектісінің капиталына қатысу бойынша есеп, өзге операциялар бойынша – осы Қағидалардың 9-қосымшасында белгіленген нысан бойынша валюталық шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы есеп ұсынады.

Ескерту. 62-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

63. Уәкілетті банк Ұлттық Банктің орталық аппаратына ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-на дейін (қоса алғанда) бес жүз мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомаға мынадай өз операциялары:

1) брокер немесе басқарушы компания болып табылмайтын резиденттің резидент еместен резиденттің акцияларын (қатысу үлестерін, инвестициялық қорлардың пайларын) сатып алуы;

2) егер резидент дивиденд төлеу жүзеге асырылатын активті сатып алу бойынша тіркеу куәлігін және (немесе) валюталық операция жөнінде хабарлама туралы куәлікті ұсынбаса, резиденттің резидент еместен (резидент емеске төлеген) дивидендтер алуы;

3) егер резидент өткізілетін активті сатып алу жөніндегі валюталық операция бойынша тіркеу куәлігін және (немесе) хабарлама туралы куәлікті ұсынбаса, брокер немесе басқарушы компания болып табылмайтын резиденттің резидент емеске резидент еместің акцияларын (қатысу үлестерін, инвестициялық қорлардың пайларын) сатуы және клиент резиденттердің тапсырмасы бойынша жүргізілетін операциялар бойынша осы Қағидалардың 2-қосымшасында белгіленген нысан бойынша ақша төлемі мен (немесе) аударымы туралы есеп ұсынады.

Төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған валюталық операциялар бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымы резиденттен осындай ақша төлемі және (немесе) аударымы туралы ақпарат келіп түскен кезеңдегі есепке кіргізіледі.

Резидент осы тармақтың 2) немесе 3) тармақшаларында көрсетілген операциялар бойынша тіркеу куәлігін және (немесе) хабарлама туралы куәлікті ұсынған кезде, уәкілетті банк осы Қағидалардың 34-тармағына сәйкес ақпарат ұсынады.

13. Капитал қозғалысының басқа операциялары туралы хабарлама

64. Банк ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-на дейін (қоса алғанда) капитал қозғалысының басқа операцияларына жататын меншікті операциялары бойынша осы Қағидалардың 2-қосымшасында белгіленген нысан бойынша валюталық операциялар бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымдары туралы есепті Ұлттық Банктің орталық аппаратына

ұсынады.

Өзге резидент заңды тұлғалар жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алуға және ақша мен өзге мүлікті сенімгерлік басқаруға беруге байланысты операциялар туралы, сондай-ақ резидент жеке тұлғалар ақша мен өзге мүлікті сенімгерлік басқаруға беруге байланысты операциялар туралы осы Қағидалардың 6-қосымшасында белгіленген нысан бойынша, көрсетілген қосымшаның жалпы бөлігін және 4-бөлімін толтыра отырып хабарлайды.

Ескерту. 64-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

65. Резиденттер (банктерді қоспағанда) алынған хабарлама туралы куәлік бойынша тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) хабарлама орны бойынша осы Қағидалардың 9-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есеп ұсынады.

66. Резидент-жеке тұлға Ұлттық Банкке жылжымайтын мүлікке меншік құқығын иемденуге байланысты ақша төлемін және (немесе) аударымын жүргізу туралы хабарламайды. Уәкілетті банк Ұлттық Банктің орталық аппаратына клиент-резиденттердің осындай ақша төлемі және (немесе) аударымы туралы ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-на дейін (қоса алғанда) осы Қағидалардың 2-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есеп түрінде хабарлайды.

14. Резиденттердің шетел банктеріндегі банк шоттары туралы хабарлама

67. Резидент-заңды тұлға (банктерді және Ұлттық почта операторын қоспағанда) осы Қағидалардың 6-қосымшасында белгіленген нысан бойынша көрсетілген қосымшаның жалпы бөлігін және 3-бөлімін толтыра отырып, шетел банкінде банк (оның ішінде жинақ) шотының ашылғаны туралы хабарлайды.

68. Резидент-жеке тұлға Ұлттық Банкке шетел банкіндегі банк (оның ішінде жинақ) шоты туралы хабарламайды. Резидент-жеке тұлғалардың ақшаларын шетел банктеріндегі өздерінің банк шоттарына (өздерінің банк шоттарынан) аударуды жүзеге асырған уәкілетті банк Ұлттық Банктің орталық аппаратына осындай ақша аударымының көлемі туралы ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-на дейін (қоса алғанда) осы Қағидалардың 2-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есеп түрінде хабарлайды.

69. Резидент-заңды тұлға алынған хабарлама туралы куәлік бойынша тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) хабарлама орны бойынша осы Қағидалардың 11-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есеп ұсынады.

70. Резидент (банктерді және Ұлттық почта операторын қоспағанда) шетел банкіндегі банк шоты арқылы тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортымен және (немесе) импортымен байланысты валюталық шарт бойынша елу мың АҚШ доллары баламасынан жоғары сомаға ақша төлемін және (немесе) ақша аударымын жүргізген кезде, ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда) хабарлама оны бойынша осы Қағидалардың 12-қосымшасында белгіленген нысан бойынша есеп ұсынады. Есепте көрсетілген мәліметтердің дәйектілігін бақылау мақсатында резидент Ұлттық Банктің сұратуы бойынша келісімшарттың есептік нөмірін беру туралы белгісі бар валюталық шартты (түпнұсқасын немесе оның көшірмесін), сондай-ақ осы Қағидалардың 37-тармағының 1) және 4) тармақшаларында және Заңның 12-бабының 2-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

15. Валюталық реттеу режимдерінің жеке жағдайлары

71. Қатысушылар (тараптар және үшінші тұлғалар) ретінде бірнеше резидент болатын валюталық шартты тіркеу (хабарлау) кезінде валюталық шартты тіркеу (хабарлауға) үшін валюталық шарт (валюта операциясы) сомасының басым бөлігі тиесілі валюталық шарттың резидент-тарабы не, мұндай тарап болмаған кезде, резидент еместің алдындағы міндеттемелерді орындауды бірінші бастайтын (бастаған) валюталық шарттың резидент-тарабы өтініш беруі қажет. Өзге жағдайларда валюталық шарттың резидент-тараптарының бірі валюталық шартты тіркеуге (хабарлауға) өтініш береді.

Егер валюталық шартта резидент-тарап болмаса, онда валюталық шартты тіркеу (хабарлау) үшін мүлікті (қаражатты) алушы (жөнелтуші) болып табылатын немесе резидент еместің алдында міндеттемелері немесе резидент емеске талаптары туындайтын валюталық шарттың резидент-қатысушысына жүгіну қажет.

Валюталық шарттың тарабы болып табылмайтын резидент-қатысушының жүгінуіне жол беріледі.

Қатысушылар (тараптар және үшінші тұлғалар) ретінде бірнеше резидент болып табылатын валюталық шартты тіркеу (хабарлау) кезінде тіркеуге (хабарламамен) өтініш білдірген резидент валюталық шарттың басқа резидент-тараптарының жазбаша келісімін ұсынады.

Тіркеуге арналған тиісті өтініште және тіркеу куәлігінде (тиісті хабарламада және хабарлама туралы куәлікте) валюталық шарттың барлық резидент және (немесе) резидент емес қатысушылары көрсетіледі.

72. Егер қатысу үлесін сатып алу-сату шартында резидент-инвестициялау объектісінде инвестициялау объектісінің қатысушылары өзгеріп, резидент-инвестициялау объектісі сатып алу-сату шартының тарабы болып табылмаса, онда осы Қағидалардың 39 және 53-тармақтарында белгіленген жағдайларда резидент инвестициялау объектісі құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей тіркеуге (хабарламамен) өтініш білдіреді.

72-1. Тіркеу куәлігі (хабарлама туралы куәлік) аралас шарт шеңберінде жүзеге асырылатын әрбір валюталық операцияға, сондай-ақ валюталық шарттың әрбір валютасына жеке ресімделеді.

Ескерту. 72-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

72-2. Базалық активті қолдану немесе сату мақсатында сатып алынатын және базалық активтен бөлек берілмейтін (сатылмайтын) туынды қаржы құралымен байланысты валюталық операциялар базалық активпен жасалған валюталық операциялар деп қаралады.

Ескерту. 72-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

73. Қатысушылары бірнеше резидент болып табылатын валюталық шарт бойынша тіркеу куәлігі (хабарлама туралы куәлік) шарттың Ұлттық Банкке тіркеуге өтінішті (хабарламаны) бірінші берген резидент-қатысушысына беріледі. Шарттың өзге резидент-қатысушылары осындай валюталық шарт бойынша резидент еместің пайдасына төлемді жүзеге асырған және (немесе) резидент еместен қаражат алған кезде уәкілетті банкке тіркеу куәлігінің (хабарлама туралы куәліктің) Ұлттық Банктің мөрімен куәландырылған көшірмесі ұсынылады.

Тіркеу куәлігінің (хабарлама туралы куәліктің) көшірмесін алу үшін валюталық шарттың өзге резидент-қатысушылары тіркеу (хабарлау) орны бойынша тіркеу куәлігінің (хабарлау туралы куәліктің) көшірмесін беру туралы еркін нысанда жазбаша өтініш білдіреді.

Тіркеу куәлігінің (хабарлама туралы куәліктің) түпнұсқасын алған резиденттің жазбаша келісімімен басқа резидент-қатысушы тіркеу (хабарлау) орны бойынша есеп беретін тұлғаның өзгерістері туралы жазбаша нысанда хабарлағаннан кейін тоқсан сайын тиісті нысандағы мәліметтерді беруіне жол беріледі. Ұлттық Банктің тіркеу куәлігін (хабарлама туралы куәлік) берген аумақтық филиалының немесе орталық аппаратының жазбаша келісімімен валюталық шарттың резидент-қатысушыларының резидент емеспен өзара міндеттемелерін орындау бөлігінде тоқсандық мәліметтерді дербес ұсынуына жол беріледі.

Тіркеу куәлігінің (хабарлама туралы куәліктің) Ұлттық Банк валюталық шарттың барлық резидент-қатысушыларынан міндеттемелердің толық орындалғаны туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін күші жойылды деп саналады.

Ескерту. 73-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

74. Қатысушылар бірнеше резидент болып табылатын валюталық шарт бойынша тіркеу (хабарлау) егер валюталық шарт шеңберінде мүлікті (қаражатты) аудару және (немесе) резиденттер мен резидент еместер арасындағы міндеттемелердің туындау сомасы осы Қағидалардың 39 және 53-тармақтарында көрсетілген шекті мәнінен асып кетсе, жүзеге асырылады.

16. Өтпелі ережелер

75. Осы Қағидаларға сәйкес хабарлануы тиіс банк шотын ашуға немесе валюталық операцияны жүргізуге осы Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін тіркеу куәлігін алған резидент осы Қағидаларда белгіленген нысан бойынша, тәртіппен және мерзімдерде тіркеу куәлігі бойынша есеп береді.

76. Осы Қағидалардың 39 немесе 53-тармақтарында көрсетілген шекті мәннен аспайтын сомаға берілген тіркеу куәлігі немесе хабарлама туралы куәлік бойынша есеп беру талап етілмейді. Көрсетілген тіркеу куәлігі немесе хабарлама туралы куәлік валюталық шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады және осы Қағидалардың 29-тармағында көзделген негіздемелер бойынша, сондай-ақ осы Қағидалардың 28-тармағының 2)-8) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер өзгерген кезде күші жойылған деп саналады.

77. Банкке резидент еместерден қаржылай қарыздарға берілген хабарлама туралы куәліктер валюталық шарттар бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін қолданылады және осы Қағидалардың 29-тармағында көзделген негіздер бойынша, сондай-ақ осы Қағидалардың 28-тармағының 1)-6), 8) тармақшаларында көрсетілген мәліметтер өзгерген кезде күші жойылды деп саналады.

Ескерту. 77-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
жүзеге асыру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Бұзушылық бойынша № _____ карточка

_____ жылғы _____ есепті ай

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Уәкілетті банктің атауы _____

Жолдың коды	Ақпарат түрі	Бұзушылық жөніндегі ақпарат
10	Банктің клиенті бойынша ақпарат:	
11	атауы (заңды тұлғалар үшін) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) (жеке тұлғалар үшін)	
12	БСН (заңды тұлғалар үшін)	
13	ЖСН (жеке тұлғалар үшін)	
14	клиенттің белгісі:	

	1 - заңды тұлға, 2 - жеке тұлға	
15	тұрақты тұратын (орналасқан) жері	
16	облыстың коды	
20	Валюталық операция бойынша ақпарат:	
21	күні	
22	сомасы	
23	валютасы	
30	Бұзушылық жөніндегі ақпарат:	
31	түрі	
32	бұзушылықтың сипаты	
33	келісімшарттың нөмірі	
34	келісімшарттың күні	
35	қосымша мәліметтер	

Басшы (Бас бухгалтер) _____
(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде))

Орындаушы _____ телефоны _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде))

20 ____ жылғы « ____ » _____

Мөр орны
(ол болған кезде)

«Бұзушылық бойынша № _____ карточка»
нысанына қосымша

Толтыру бойынша нұсқаулар

1. Ақпарат осы Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген жағдайларда ұсынылады.
2. Коды 11-жолда жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде) немесе заңды тұлғаның атауы көрсетіледі.
3. Коды 16-жолда әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне (ҚР МЖ ӘАОЖ 11-2009) сәйкес облыс кодының бастапқы 2 цифры көрсетіледі.
4. Коды 21-23-жолдар құжаттар немесе ақпарат беру мерзімдері бұзылған жағдайларда толтырылмайды.
5. Коды 21-жолда валюталық заңнаманы бұза отырып валюталық операция жүргізілген күн көрсетіледі.
6. Коды 22-жолда валюталық заңнаманы бұза отырып жүргізілген валюталық

операциялардың сомасы операция валютасының мың бірлігімен көрсетіледі.

7. Коды 23-жолда валюталық заңнаманы бұза отырып жүргізілген валюталық операция бойынша валюта кодының әріппен берілген белгісі ҚР МЖ 07 ИСО 4217-2001 «Валюталарды және қорларды белгілеуге арналған кодтар» мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес көрсетіледі.

8. Коды 31-жолда Экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес ақпарат алмасудың Ұлттық Банк пен уәкілетті банктердің келісілген форматтарының сипатына сәйкес код форматындағы бұзушылықтың түрі көрсетіледі, ал коды 32-жолда бұзушылықтың қысқаша сипаты мәтіндік форматта келтіріледі.

9. Коды 33 және 34-жолдар валюталық заңнама бұзыла отырып жүргізілген валюталық операция бойынша келісімшарт болған кезде толтырылады.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
жүзеге асыру қағидаларына
2-қосымша
Нысан

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Валюталық операциялар бойынша ақша төлемі және (немесе)
аударымдары туралы есеп» нысаны**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Есепті кезең: ____ жылғы _____ айы

Индексі: ПР-2

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатын: уәкілетті банк

Ұсыну мекенжайы: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппараты

Ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-на (қоса алғанда) дейін

Нысан

Уәкілетті банктің атауы _____

Р/с №	Операцияның коды	Жіберуші/Шетел банкі					
		Резиденттік белгісі	Экономика секторы	Атауы/тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	ҚҰЖЖ/СТН (болған кезде)	БСН/ЖСН (болған кезде)	Елі
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

Бенефициар/Шетел банкі	Ақша төлемі/аударымы	Ескертп
------------------------	----------------------	---------

Резиденттік белгісі	Экономика секторы	Атауы/тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	КҰЖЖ/СТН (болған кезде)	БСН/ЖСН (болған кезде)	Елі	Күні	Валютасы	Сомасы, төлем валютасының бірлігі	Төлем мақсатының коды	e
9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19

Басшы (Бас бухгалтер) _____
 (лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
 (ол болған кезде)

Орындаушы _____ телефоны _____
 (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
 (ол болған кезде)

20 ____ жылғы « ____ » _____

Мөр орны
 (ол болған кезде)

«Валюталық операциялар бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымдары туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Валюталық операциялар бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымдары туралы есеп» нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме «Валюталық операциялар бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымдары туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы 29-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ай сайын Қазақстан Республикасының уәкілетті банктері меншікті валюталық операциялар және резидент клиенттердің тапсырмалары бойынша (пайдасына) жүргізілген валюталық операциялар бойынша жасалған ақша төлемі және (немесе) аударымдары бойынша (ақша төлемі және (немесе) аударымдары болған кезде) ұсынады.

4. Басшы немесе бас бухгалтер мен орындаушы тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) көрсете отырып және мөр басып (ол болған кезде), Нысанға қол қояды.

2. Нысанды толтыру

5. Нысан клиенттердің тапсырмалары бойынша (пайдасына), оның ішінде төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген ақша төлемі және (немесе) аударымдары бойынша осы Қағидалардың 9, 58, 60-2, 63, 66, 68-тармақтарында көрсетілген жағдайларда және банктердің меншікті операциялары бойынша осы Қағидалардың 60-1, 63, 64-тармақтарында көрсетілген жағдайларда ұсынылады.

Ақша төлемі және (немесе) аударымдары есепте клиенттің уәкілетті банктегі банк шотына қаражат есепке алынған (клиенттің уәкілетті банктегі банк шотынан қаражат есептен шығарылған) күні көрсетіледі.

Төлем сомасы төлем валютасының мың бірлігімен көрсетіледі.

6. Резидент клиенттерде хабарлама туралы куәліктер (осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес) болмаған кезде 2-бағанда мынадай операциялар кодтары көрсетіледі:

01 – резидент заңды тұлғалардың резидент еместерге жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алуға байланысты, бір жүз мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомадағы валюталық шарттар бойынша төлемдері. Жылжымайтын мүлік (объект, ел) туралы ақпарат 19-бағанда көрсетіледі;

02 – резидент заңды тұлғаларға резидент еместерден жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алуға байланысты, бес жүз мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомадағы валюталық шарттар бойынша түсімдер. Жылжымайтын мүлік (объект, ел) туралы ақпарат 19-бағанда көрсетіледі;

03 – резидент заңды тұлғалардың шетел банкіндегі меншікті банк шотына (меншікті банк шотынан) ақша аударымдары. Шетел банкі туралы ақпарат резидент шетел банкіндегі банк шотына ақша аударған кезде 9-14-бағандарда немесе резидент шетел банкіндегі банк шотынан аударған кезде 3-8-бағандарда көрсетіледі;

04 – резиденттердің резидент емес эмитенттердің бағалы қағаздарын, резидент еместердің капиталына қатысу үлестерін (тікелей инвестицияларды қоспағанда) сатып алуға байланысты сомасы бір жүз мың АҚШ доллары баламасынан асатын валюталық шарттар бойынша төлемдері. Резидент емес эмитент (инвестициялау объектісі) (атауы, елі) туралы ақпарат 19-бағанда көрсетіледі;

05 – резиденттерге резидент эмитенттердің бағалы қағаздарын, резиденттердің капиталына қатысу үлестерін (тікелей инвестицияларды қоспағанда) сатып алуға байланысты сомасы бес жүз мың АҚШ доллары баламасынан асатын валюталық шарттар бойынша түскен түсімдер. Резидент эмитент (инвестициялау объектісі) (атауы, БСН) туралы ақпарат 19-бағанда көрсетіледі;

06 – резиденттер мен резидент еместер арасындағы туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымдары (төлем сомасына базалық актив кірмейді) ақша төлемі немесе аударымы сомасы бір жүз мың АҚШ доллары баламасынан асқан кезде. Туынды қаржы құралының түрі туралы ақпарат 19-бағанда көрсетіледі;

07 – резиденттердің резидент еместерге ақша мен өзге мүлікті сенімгерлікпен басқаруға беруге байланысты сомасы бір жүз мың АҚШ доллары баламасынан асатын валюталық шарттар бойынша төлемдері. Өзге мүлік туралы ақпарат 19-бағанда көрсетіледі;

08 – резиденттерге резидент еместерден ақша мен өзге мүлікті сенімгерлікпен басқаруға беруге байланысты сомасы бес жүз мың АҚШ доллары баламасынан асатын валюталық шарттар бойынша түскен түсімдер. Өзге мүлік туралы ақпарат 19-бағанда көрсетіледі.

Резидент жеке тұлғалардың кодтары 04, 05, 06, 07, 08 болатын ақша төлемі және (немесе) аударымдары бойынша 19-бағанда жеке тұлғаның мекенжайы көрсетіледі.

7. Өзге жағдайларда 2-бағанда осы Қағидалардың 58, 60-2, 63, 64, 66, 68-тармақтарына сәйкес клиенттердің тапсырмалары бойынша (пайдасына) жүргізілген ақша төлемі және (немесе) аударымдары бойынша мынадай операциялар кодтары көрсетіледі:

11 – брокер немесе басқарушы компания болып табылмайтын резиденттің резидент еместен резиденттің акцияларын, қатысу үлестерін, инвестициялық қорлардың пайларын сатып алу бойынша бес жүз мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомадағы ақша төлемі және (немесе) аударымдары (егер резидент активті бастапқы сатып алу туралы тіркеу куәлігін және (немесе) хабарлама туралы куәлікті ұсынбаса). Резидент эмитент (инвестициялау объектісі) (атауы, БСН) туралы ақпарат 19-бағанда көрсетіледі;

12 – брокер немесе басқарушы компания болып табылмайтын резиденттің резидент емеске резидент еместің акцияларын, қатысу үлестерін, инвестициялық қорлардың пайларын сатуы бойынша бес жүз мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомада түскен ақша түсімі және (немесе) аударымы (егер резидент активті бастапқы сатып алу туралы тіркеу куәлігін және (немесе) хабарлама туралы куәлікті ұсынбаса). Резидент емес инвестициялау объектісі

(атауы, елі) туралы ақпарат 19-бағанда көрсетіледі;

13 – резидент жеке тұлғаның резидент емеске жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алуға байланысты бір жүз мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомадағы ақша төлемі және (немесе) аударымы. Жылжымайтын мүлік (объект, елі) туралы ақпарат 19-бағанда көрсетіледі;

14 – резидент жеке тұлғаға резидент еместен жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алуға байланысты бес жүз мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомада түскен ақша түсімі және (немесе) аударымы. Жылжымайтын мүлік (объект, елі) туралы ақпарат 19-бағанда көрсетіледі;

15 – резидент жеке тұлғаның шетел банкіндегі меншікті банк шотына (меншікті банк шотынан) ақша аударымдары, сондай-ақ олар бойынша резидент жеке тұлғаның шетел банкіндегі шотының болуын анықтау қиын болатын шетел банкінен аударымдар. Шетел банкі туралы ақпарат резидент шетел банкіндегі банк шотына ақша аударған кезде 9-14-бағандарда немесе резидент шетел банкіндегі банк шотынан аударған кезде 3-8-бағандарда көрсетіледі. Резидент жеке тұлға туралы ақпарат оның дербес деректерінсіз көрсетіледі;

16 – жұмыс, көрсетілетін қызмет экспорты (импорты) бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыруға байланысты операциялар бойынша резиденттер және резидент еместер арасындағы бір жүз мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомадағы ақша төлемі және (немесе) аударымы;

17 – резидент еместен резидент алған (резидент емеске резидент төлеген), бес жүз мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомадағы дивидендтер аударымы;

18 – резидент эмитенттердің басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес және олардың аумағында шығарылған бағалы қағаздарын орналастыруға, сондай-ақ базалық активі резидент эмитенттердің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттарды орналастыруға байланысты ақша төлемі және (немесе) аударымы. Резидент эмитент туралы ақпарат (атауы, БСН) 19-бағанда көрсетіледі;

19 – резидент емес эмитенттердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған бағалы қағаздарын орналастыруға, сондай-ақ қазақстандық депозитарлық қолхаттарды орналастыруға байланысты ақша төлемі және (немесе) аударымы. Резидент емес эмитент туралы ақпарат (атауы, елі) 19-бағанда көрсетіледі;

20 – резидент еместердің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, инвестициялық портфельді басқарушыға тікелей инвестицияларына байланысты, бес жүз мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомадағы валюталық шарттар бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымдары;

21 – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының шетелге тікелей инвестицияларына байланысты, жүз мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомадағы валюталық шарттар бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымдары.

8. 2-бағанда банктердің меншікті операциялары бойынша осы Қағидалардың 60-1, 63, 64-тармақтарына сәйкес мынадай операциялар кодтары көрсетіледі:

31 – банктің шетелге тікелей инвестицияларына байланысты меншікті операциялары бойынша жүз мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомадағы валюталық шарттар бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымы. Резидент емес инвестициялау объектісі (атауы, елі) туралы ақпарат 19-бағанда көрсетіледі;

32 – банктің резиденттің акцияларына, қатысу үлестеріне, пайларына байланысты меншікті операциялары бойынша бес жүз мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомадағы валюталық шарттар бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымы. Резидент эмитент (резидент-инвестициялау объектісі) (атауы, БСН) туралы ақпарат 19-бағанда көрсетіледі;

33 – банктің резидент еместен резиденттің акцияларын, қатысу үлестерін, инвестициялық қорларының пайларын сатып алу бойынша бес жүз мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомадағы ақша төлемі және (немесе) аударымы. Резидент эмитент (резидент-инвестициялау объектісі) (атауы, БСН) туралы ақпарат 19-бағанда көрсетіледі;

34 – банктің резидент емеске резидент еместің акцияларын, қатысу үлестерін, инвестициялық қорларының пайларын сату бойынша бес жүз мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомадағы ақша түсімі және (немесе) аударымы. Резидент емес инвестициялау объектісі (атауы, елі) туралы ақпарат 19-бағанда көрсетіледі;

35 – банктің басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес және олардың аумағында шығарылған бағалы қағаздарын орналастыруға, сондай-ақ базалық активі банктің бағалы қағаздары болып табылатын депозитарлық қолхаттарды орналастыруға байланысты ақша төлемі және (немесе) аударымы;

36 – банк резидент еместен алған (банк резидент емеске төлеген), бес жүз мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомадағы дивидендтер аударымы;

37 – банктің жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алуына байланысты бір жүз мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомадағы валюталық шарттар бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымы. Жылжымайтын мүлік (объект, елі) туралы ақпарат 19-бағанда көрсетіледі;

38 – банктің жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатуына байланысты бес жүз мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомадағы валюталық шарттар бойынша ақша түсімі және (немесе) аударымы. Жылжымайтын мүлік (объект, елі) туралы ақпарат 19-бағанда көрсетіледі.

9. Есептің 3-18-бағандары Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1011 тіркелген «Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану және төлемдер бойынша оларға сәйкес мәліметтер ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 1999 жылғы 15 қарашадағы № 388 Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану және төлемдер бойынша оларға сәйкес мәліметтер ұсыну қағидаларында (бұдан әрі – Төлем мақсатының кодтарын қолдану қағидалары) көзделген форматтарды және кодтарды пайдалана отырып, ақша аударуға (алуға) арналған төлем құжатының негізінде толтырылады.

10. Валюталық шарттар бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымдары валюталық шарттар шеңберінде жүзеге асырылатын барлық ақша төлемі және (немесе) аударымдарын қамтиды. Ақшаны қайтарған кезде 2-бағанда негізгі валюталық операцияның коды, 19-бағанда «Қайтару» деген сөз көрсетіледі.

Банкте ақша төлемін және (немесе) аударымын бір операция кодына жатқызу кезінде қиындықтар туындаған жағдайда 2-бағанда кодтардың бірі көрсетіледі, қалған ықтимал кодтар 19-бағанда көрсетіледі.

Сондай-ақ 19-бағанда төлемнің ерекше талаптары, валюталық заңнамаға сәйкес жіберушінің нұсқауларын сақтау шотына ақшаны есепке алу күні көрсетіледі.

11. 19-бағанда нақтылаушы ақпараттың болмауы бұзушылық болып табылмайды. Есепке белгіленген шекті мәндерден аз сомадағы ақша төлемін және (немесе) аударымдарын енгізу бұзушылық болып табылмайды.

12. Есепке түзетулер есепті кезең аяқталғаннан кейін алты ай ішінде енгізіледі.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
жүзеге асыру қағидаларына
3-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Валюталық операциялар бойынша жеке тұлғалар жүзеге асырған ақша
төлемі және (немесе) аударымдары туралы есеп» нысаны**

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Есепті кезең: ____ жылғы _____ айы

Индексі: ПР-3

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатын: уәкілетті банк

Ұсыну мекенжайы: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппараты

Ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-на (қоса алғанда) дейін

Нысан

Уәкілетті банктің атауы _____

№	Ақша жіберушінің (алушының) тегі, аты, әкесінің аты ол болған кезде)	Ақша жіберушінің (алушының) резиденттік белгісі	Төлемді жүзеге асыру тәсілі	Жеке тұлғаның ЖСН	Ақша төлемі немесе аударымы белгісі	Төлем мақсатының коды	Ақша төлемі немесе аударымы жүргізілген күн
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

Банктің коды немесе банк филиалының коды	Ақша төлемінің немесе аударымының валютасы	Сомасы, ақша төлемі немесе аударымы валютасының мың бірлігі	Сомасы, мың АҚШ доллары	Ақша алушы (жіберуші) ел	Ақша алушы (жіберуші) туралы қолда бар ақпарат		
					Резиденттік белгісі	Экономика секторы	Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) немесе заңды тұлғаның атауы
9	10	11	12	13	14	15	16

Басшы (Бас бухгалтер) _____
(лауазым (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

Орындаушы _____ телефоны _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

20 ____ жылғы « ____ » _____

Мөр орны
(ол болған кезде)

«Валюталық операциялар бойынша жеке тұлғалар жүзеге асырған

ақша төлемі және(немесе)
аударымдары туралы есеп»
әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысанға қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Валюталық операциялар бойынша жеке тұлғалар жүзеге асырған ақша төлемі және (немесе) аударымдары туралы есеп» нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме «Валюталық операциялар бойынша жеке тұлғалар жүзеге асырған ақша төлемі және (немесе) аударымдары туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы 29-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды ай сайын Қазақстан Республикасының уәкілетті банктері валюталық операциялар бойынша жеке тұлғалар жүзеге асырған ақша төлемі және (немесе) аударымдары бойынша ұсынады (ақша төлемі және (немесе) аударымдары болған кезде).

4. Басшы немесе бас бухгалтер мен орындаушы тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) көрсете отырып және мөр басып (ол болған кезде), Нысанға қол қояды.

2. Нысанды толтыру

5. Нысан осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген жағдайларда жеке тұлғаның банк шоты арқылы төлем карточкаларын пайдаланбай не банк шотын ашпай жүргізілген ақша төлемі және (немесе) аударымдары бойынша жеке және уәкілетті банктің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген ақша төлемі және (немесе) аударымдары немесе қолма-қол ақша алу бойынша жеке ұсынылады.

Есепке жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының шегінде жүзеге асырған валюталық операциялар бойынша ақша төлемі және аударымдары, Қазақстан Республикасының аумағында уәкілетті банктің төлем карточкасын пайдалана отырып банк шотынан шетел валютасын алу бойынша, сондай-ақ резидент жеке тұлғалардың шетел банктеріндегі меншікті банк шоттарына (меншікті банк шоттарынан) ақша аударымдары бойынша ақпарат кірмейді.

6. 2, 3, 7, 10, 13, 14 және 15-бағандар ақша аударуға (алуға) арналған төлем құжатының негізінде Төлем мақсатының кодтарын қолдану қағидаларында көзделген форматтармен және кодтармен толтырылады.

7. Төлем карточкаларын пайдалана отырып ақша төлемі және (немесе) аударымы немесе қолма-қол ақша алу үшін 10 және 11-бағандарда ақша төлемі (аударымы) немесе алу валютасы мен сомасы бойынша деректер көрсетіледі, ал 14 және 15-бағандар толтырылмайды.

8. 4-бағанда егер ақша төлемі және (немесе) аударымы уәкілетті банктегі карт-шот арқылы жіберілсе немесе алынса - «карт-шот» жазбасы жасалады, егер ақша төлемі және (немесе) аударымы уәкілетті банктегі банк шоты (карт-шотты қоспағанда) арқылы жіберілсе немесе алынса - «шот бойынша» жазбасы жасалады, егер ақша төлемі және (немесе) аударымы уәкілетті банкте банк шотын ашпай жіберілсе немесе алынса - «шотсыз» жазбасы жасалады.

9. 5-бағанда ақша жіберуші (алушы) жеке тұлғаның ЖСН көрсетіледі, резидент емес жеке тұлғада ЖСН болмаған кезде, тиісті баған толтырылмайды.

10. 6-бағанда, егер ақша төлемін немесе аударымын есеп беруші банк жіберсе, «жіберілген» деген жазба, егер ақша төлемін немесе аударымын есеп беруші банк алса, «алынған» деген жазба, төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақша алған кезде «алу» деген жазба қойылады.

11. Төлем карточкаларын пайдалана отырып банк шоты бойынша жүргізілетін ақша төлемі және (немесе) аударымдары үшін 7-баған толтырылмайды.

12. 9-бағанда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9247 тіркелген «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік

қатынастарды орнату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 14 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастарды орнату қағидаларында көзделген уәкілетті банктің коды немесе оның филиалының коды қойылады. Егер жеке тұлғаның ақша төлеміне және (немесе) аударымына уәкілетті банктің филиалында қызмет көрсетілсе, банк филиалының коды көрсетіледі.

13. 12-бағанда анықтама ретінде ақша төлемінің немесе аударымының тиісті баламасын айқындау мақсатында уәкілетті банк есептеген сомасы мың АҚШ долларымен көрсетіледі. Егер төлем немесе ақша аударымы АҚШ долларынан өзге валютада жүзеге асырылса, онда төлем сомасының АҚШ долларындағы баламасы жеке тұлғаның ақша төлемі немесе аударымы жасалған күнгі валюта айырбастаудың нарықтық бағамы пайдаланыла отырып есептеледі. Төлем карточкасын пайдалана отырып жеке тұлға жүзеге асырған ақша төлемі немесе аударымдары/ақша алу бойынша тиісті халықаралық төлем жүйесінде белгіленген валюталар айырбастау бағамын пайдалануға жол беріледі.

14. 13-бағанда б-бағанда көрсетілген белгісіне («жіберілген» немесе «алынған» немесе «алу») қарай бенефициар немесе ақша жіберуші немесе ақша алу елінің коды қойылады.

15. 16-бағанда ақша аударуға (алуға) арналған төлем құжатына сәйкес ақша төлемі немесе аударымы бенефициарының (жіберушінің) сәйкестендіру деректері не уәкілетті банктің осындай аударым жүзеге асырылған төлем карточкасына сәйкес келетін төлем карточкалары жүйесінде көзделген ақша бенефициары (жіберуші) туралы ақпарат көрсетіледі. Төлем карточкасын пайдалана отырып қолма-қол ақша алу үшін баған толтырылмайды.

16. Есепке түзетулер есепті кезең аяқталғаннан кейін алты ай ішінде енгізіледі.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
жүзеге асыру қағидаларына
4-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған

«Тіркеу куәліктері, хабарлама туралы куәліктер берілген валюталық шарттар бойынша жүзеге асырылған ақша төлемі және (немесе) аударымдары туралы есеп» нысаны

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Есепті кезең: ____ жылғы _____ айы

Индекс: ПР-4

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатын: уәкілетті банк

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің орталық аппараты

Ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на (қоса алғанда) дейін

Нысан

Уәкілетті банктің атауы _____

Р/с №	Тіркеу куәлігінің/	Ақша жөнелтуші	Бенефициар
-------	--------------------	----------------	------------

	хабарлама туралы куәліктің нөмірі		Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) не Заңды тұлғаның атауы	Резиденттік белгісі	Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) не Заңды тұлғаның атауы
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

Төлем мақсатының коды	Төлем жасалған күн	Төлем валютасы	Төлем сомасы (төлем валютасының мың бірлігімен)	Ескертпе
7	8	9	10	11

Басшы (Бас бухгалтер) _____
 (лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
 (ол болған кезде))

Орындаушы _____ телефоны _____
 (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
 (ол болған кезде))

20 ____ жылғы « ____ » _____

Мөр орны
 (ол болған кезде)

«Тіркеу куәліктері, хабарлама туралы куәліктер берілген валюталық шарттар бойынша жүзеге асырылған ақша төлемі және (немесе) аударымдары туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Тіркеу куәліктері, хабарлама туралы куәліктер берілген валюталық шарттар бойынша жүзеге асырылған ақша төлемі және (немесе) аударымдары туралы есеп» нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Тіркеу куәліктері, хабарлама туралы куәліктер берілген валюталық шарттар бойынша жүзеге асырылған ақша төлемі және (немесе) аударымдары туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Валюталық реттеу мен валюталық бақылау туралы»

2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 29-бабы 3-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды Қазақстан Республикасының уәкілетті банктері тіркеу куәліктері,

хабарлама туралы куәліктер берілген валюталық шарттар бойынша жүргізілген ақша төлемі және (немесе) аударымдары бойынша ай сайын (ақша төлемі және (немесе) аударымдары болған кезде) ұсынады.

4. Басшы немесе бас бухгалтер мен орындаушы тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) көрсете отырып және мөр басып (ол болған кезде), Нысанға қол қояды.

2. Нысанды толтыру

5. Нысан клиенттердің тапсырмалары бойынша (пайдасына), және де осы Қағидалардың 34-тармағында көрсетілген жағдайларда, оның ішінде төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген ақша төлемі және (немесе) аударымдары бойынша ұсынылады

Есепте ақша төлемі және (немесе) аударымдары клиенттің уәкілетті банктегі банк шотына қаражатты есепке алу (клиенттің уәкілетті банктегі банк шотынан қаражатты есептен шығару) күніне көрсетіледі. Резиденттің пайдасына тіркеу куәлігін ұсынуды талап ететін валюталық операция бойынша келіп түскен ақшаны валюталық заңнамаға сәйкес жіберушінің нұсқауларын сақтау шотына есепке алу күні 11-бағанда көрсетіледі.

Төлем сомасы төлем валютасының мың бірлігімен көрсетіледі.

6. 2-бағанда осы Қағидаларға сәйкес Ұлттық Банк берген тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің нөмірі көрсетіледі.

3-10-бағандар ақша аударымына (алуға) арналған төлем құжатының негізінде Төлем мақсатының кодтарын пайдалану қағидаларында көзделген форматтар мен кодтарды пайдалана отырып толтырылады.

7. Резидент заңды тұлға өзінің банк шотына (өзінің шетел банкіндегі банк шотынан) ақша аударған кезде бенефициар (ақша жөнелтуші) ретінде резиденттің банк шоты ашылған шетел банкі көрсетіледі.

Резидент заңды тұлға тіркеу куәлігі (хабарлама туралы куәлік) берілген валюталық операция бойынша өзінің (резидент еместің) міндеттемелерін орындау мақсатында шетел банкіндегі меншікті банк шотынан (меншікті банк шотына) ақша аударымын (түсімін) жүзеге асырған жағдайда (шетел банкіндегі шот туралы хабарлама туралы куәлік бойынша), валюталық операцияға тіркеу куәлігінің (хабарлама туралы куәліктің) нөмірі 11-бағанда көрсетіледі.

8. Осы Қағидалардың 9-тармағының төртінші бөлігінде айқындалған жағдайлардағы ақша төлемі және (немесе) аударымдары кезінде 11-бағанда жаңа тіркеу куәлігін немесе хабарлама туралы куәлікті алу қажеттігі туралы ақпарат көрсетіледі. Бұл ретте осыдан кейінгі есептерде осы ақпарат көрсетілмейді.

9. 11-бағанда төлемнің ерекше талаптарына (болған кезде) сілтемелер көрсетіледі.

10. Есепке түзетулер есепті кезең аяқталғаннан кейін алты ай ішінде енгізіледі.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
жүзеге асыру қағидаларына
5-қосымша
Нысан

№ _____ ТІРКЕУ КУӘЛІГІ/ХАБАРЛАМА ТУРАЛЫ КУӘЛІК

(№ _____ тіркеу куәлігінің/хабарлама туралы куәліктің орнына берілген)

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Тіркеу/хабарлау туралы растау күні _____ жылғы « _____ » _____

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі осы арқылы _____

(валюталық операцияның жіктелуі)

тіркеу туралы куәландырады/хабарлау туралы растайды

Валюталық шарт туралы/ шетел банкіндегі шот туралы мәліметтер:

1. Валюталық шарттың деректемелері (атауы, нөмірі, күні)/ Шетел банкіндегі банк шотының нөмірі

2. Валюталық шарттың қатысушылары:
резиденттер:

_____;
(заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде), қала/облыс)

резидент еместер:

(заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде), ел)

3. Валюталық шарттың сомасы _____
(шарттың валютасымен цифрлармен және жазбаша)

4. Шарттың/банк шотының валютасы _____

5. Валюталық шарттың мәні _____
(валюталық шарттың мақсаты мен нысанасы)

6. Валюталық шарттың қолданылу мерзімі _____
(қысқа мерзімді, ұзақ мерзімді)

Ескертпе _____

Осы тіркеу куәлігі/хабарлама туралы куәлік Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тарапынан осы операция/осы банк шоты бойынша қандай да бір міндеттемелерінсіз берілген.

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі филиалының

директоры/Директорының орынбасары _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде))

Мөр орны

«№ _____ Тіркеу куәлігі/
Хабарлама туралы куәлік »
нысанына қосымша

Тіркеу куәлігін, хабарлама туралы куәлікті
ресімдеу бойынша түсіндірме

1. Тіркеу куәлігі, хабарлама туралы куәлік тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің бланкісінде мемлекеттік және орыс тілдерінде бір данада ресімделеді, мөрмен куәландырылады.

2. Тіркеу куәлігінде (хабарлама туралы куәлікте) валюталық шарттың барлық қатысушылары көрсетіледі, мысалы: кредитор, қарыз алушы, агент, төлем агенті, кепілгер, инвестор, инвестициялау объектісі, бағалы қағаздарды сатып алушы, бағалы қағаздарды сатушы, бағалы қағаздарды алушы.

3. Тіркеу куәлігінде (хабарлама туралы куәлікте) валюталық шарттың мәні (мақсаты мен нысанасы) көрсетіледі: нақты бір жобаны қаржыландыру (қаржылай қарыздарын тіркеу кезінде), нақты жобаға қатысу (бірлескен қызметті тіркеу кезінде), жылжымайтын мүлік орналасқан ел (жылжымайтын мүлік туралы хабарлауды растау кезінде), инвестициялау объектісі (инвестициялау объектісін сатып алу немесе сату туралы хабарлауды растау немесе тіркеу кезінде), объект (сенімгерлікпен басқару туралы, зияткерлік меншік объектісін сатып алу (сату) туралы хабарлауды растау кезінде).

4. Тіркеу куәлігінде (хабарлама туралы куәлікте) валюталық шарттың сомасы шарттың валютасында көрсетіледі. Егер валюталық шартта нақты сома белгіленбесе, валюталық шарттың сомасы толтырылмайды.

Егер валюта шартының бір тарабы ретінде резиденттер де, резидент еместер де болса, валюта шартының сомасы резиденттер мен резидент еместер арасындағы өзара міндеттемелері бөлігінде көрсетіледі (ақпарат болған кезде).

Шетел банкінде банк шотын ашу туралы хабарлама болған жағдайда валюталық шарттың сомасы толтырылмайды.

Шетел банкінде банк шотын ашу туралы хабарлама болған жағдайда, егер банк шотының талаптарында валюта ретінде екі және одан да көп валюта көзделсе, шот валютасы мультивалюталық болып көрсетіледі.

5. Тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің телнұсқасы тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің бланкісінде бір данада мемлекеттік және орыс тілдерінде ресімделеді, мөрмен, сондай-ақ телнұсқаны ресімдеу күнін көрсете отырып, жоғарғы оң жақ бұрышына «Телнұсқа» деген мөртабанмен куәландырылады. Тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің телнұсқасы бастапқы тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің тіркеу нөмірімен және күнімен ресімделеді.

Тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің түзетілген нұсқасы тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің бланкісінде бір данада мемлекеттік және орыс тілдерінде ресімделеді, мөрмен, сондай-ақ жоғарғы оң жақ бұрышында түзетілген данасын ресімдеу күнін көрсете отырып, «Түзетілген» деген мөртабанмен куәландырылады. Түзетілген тіркеу куәлігі, хабарлама туралы куәлік бастапқы тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің нөмірімен және күнімен ресімделеді. Тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің қате жасалған данасы Ұлттық Банктің тиісті аумақтық филиалына қайтарылады.

Тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің көшірмесі мөрмен, сонымен қатар жоғарғы оң жақ бұрышында «Көшірме» деген Ұлттық Банктің мөртабынымен куәландырылады.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
жүзеге асыру қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Тіркеу куәлігін алуға арналған өтініш/Валюталық операция туралы немесе шетел банкінде банк шотын ашу туралы хабарлама

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

(заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде)

ЖСН/БСН _____

1. _____ жылғы « ____ » _____ № _____ валюталық шарт

(құжаттың атауы)

(мақсаты мен мәні)

2. Валюталық шартқа қосымша ретінде мынадай құжаттар ұсынылды (тіркеу куәлігін алу үшін өтініш берген кезде толтырылады)

(құжаттың атауы, нөмірі, ресімдеу күні)

3. Валюталық шартқа қатысушы резидент (резиденттер):
заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

мекенжайы _____

_____ телефоны _____
4. Валюталық шартқа қатысушы резидент емес (резидент еместер):
заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

_____ заңды тұлғаның тіркелген/жеке тұлғаның тұрғылықты тұрған елі _____

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің осы валюталық шарт бойынша бұрын берілген тіркеу куәліктерінің/хабарлама туралы куәліктерінің нөмірі _____

6. Мынадай толтырылған бөлімдер ұсынылды (белгіленсін):
___ 1-бөлім. коммерциялық кредиттер және қаржылай қарыздар;
___ 2-бөлім. капиталға, бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен операцияға қатысу;
___ 3-бөлім. шетел банкінде банк шотын ашу;
___ 4-бөлім. капитал қозғалысының басқа да операциялары.
Өтініш берушінің уәкілетті тұлғасы:

_____ (лауазымы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)) (қолы)

20___ жылғы «___» _____

Мөр орны
(ол болған кезде)

1-бөлім. Коммерциялық кредиттер және қаржылай қарыздар

1. Операция түрі (белгіленсін):

___ резиденттің резидент емеске берген қаржылай қарызы, коммерциялық кредиті;
___ резидент еместің резидентке берген қаржылай қарызы, коммерциялық кредиті.

2. Валюталық шарттың сомасы _____
(валюталық шарттың валютасында)

Шарттың валютасы _____

3. ___ жылғы «___» _____ № _____
_____ негіздемелік келісім (болған кезде)
(құжаттың атауы)

4. Резиденттің резидент емеске қатысы (белгіленсін):

1) ___ резидент еместің резиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10% және одан астамына тікелей иелік етуі;

2) ___ резидент еместің резиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10% және одан астамына жанама иелік етуі;

3) ___ резиденттің резидент еместің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10% және одан астамына тікелей иелік етуі;

4) ___ резиденттің резидент еместің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10% және одан астамына жанама иелік етуі;

5) ___ резидент және резидент емес ешқандай бақылау жасамайды немесе бір-біріне ықпал етпейді, бірақ резиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының кемінде 10% тікелей немесе жанама иелік ететін бір инвестордың бақылауында немесе ықпалында болады;

6) ___ өзге.

5. Кредитті пайдаланғаны үшін сыйақы (мүдде) мөлшерлемесі жылдық _____%
(өзгермелі пайыздық мөлшерлеме болған жағдайда оны есептеу базасы және маржа мөлшері көрсетіледі)

6. Негізгі борыш бойынша мерзімі өткен төлемдер үшін мөлшерлеме:
мерзімі өткен әрбір күнге; _____
өзге (талдап көрсетілсін) _____.

7. Ілеспе төлемдер (ұйымдастырғаны, басқарғаны, міндеттемелер және басқа үшін комиссия)

_____ (кредит сомасының, негізгі борыштың және т.б. соманың пайыздармен)
8. Операцияның қысқаша сипаттамасы (ақы төлеу бойынша нұсқау, қаражат қозғалысының
схемасы және басқасы) _____

9. Агент (оператор, ұйымдастырушы) туралы мәліметтер (болған кезде):
резидент _____ резидент емес _____ (белгіленсін)
заңды тұлғаның атауы _____

Резидент туралы ақпарат: мекен-жайы _____

_____ телефоны _____

КҰЖЖ коды _____ ЖСН/БСН _____

Резидент емес туралы ақпарат: тіркелген елі _____

10. Айрықша жағдайлардың болуы (белгіленсін):

_____ қарыз алушының ұзартуға құқығы;
_____ қарыз алушының мерзімінен бұрын өтеу құқығы;
_____ кредитордың берешекті мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы;
_____ басқа да (талдап жазу) _____

11. Осы валюталық шарт шеңберінде қаржыландыратын келісімшарттар туралы мәліметтер (бар болған кезде банктер және өзге де қаржы институттары көрсетеді):

11.1. аппликант (банктің немесе өзге қаржы институтының қаржыландыруды сұрататын клиенті) туралы мәліметтер:

резидент _____ резидент емес _____ (белгіленсін)
заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) _____

Резидент туралы ақпарат: мекенжайы _____

_____ телефоны _____

КҰЖЖ коды _____ ЖСН/БСН _____

Резидент емес туралы ақпарат: заңды тұлғаның тіркелген/жеке тұлғаның тұрғылықты тұрған елі _____

11.2. қаржыландырылатын келісімшарттар туралы мәліметтер:

келісімшарттың нөмірі _____ күні _____

келісімшарттың мақсаты мен мәні _____

келісімшарттың сомасы _____ валютасы _____

(валютаның мың бірлігі)

келісімшарттың есептік нөмірі немесе келісімшарттың есептік нөмірін алу талап етілетін экспортқа немесе импортқа арналған келісімшарттар үшін мәміле паспортының нөмірі _____

11.3. бенефициар (келісімшартқа қатысушы) туралы мәлімет:

резидент _____ резидент емес _____ (белгіленсін)

заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

Резидент туралы ақпарат: мекенжайы _____

_____ телефоны _____

КҰЖЖ коды _____ ЖСН/БСН _____

Резидент емес туралы ақпарат: заңды тұлғаның тіркелген/жеке тұлғаның тұрғылықты тұрған елі _____

11.4. кредитордың банкті немесе өзге қаржы институтын қаржыландыру нысаны (белгіленсін):

___ қаражаттың банктің немесе өзге қаржы институтының шотына түсуі;

___ кредитордың бенефициарға ақы төлеуі;

___ өзге (талдап көрсетілсін) _____.

12. Қаражаттың түсу және берешекті өтеу кестесі

шарт валютасының мың бірлігі

Қарыз алушыға кредит бойынша қаражаттың түсуі		Қарыз алушының кредитке қызмет көрсетуі бойынша төлемдер		
күні	сомасы	күні	негізгі борышты өтеу	сыйақы төлеу
А	1	Б	2	3
ЖИЫНТЫҒЫ		ЖИЫНТЫҒЫ		
оның ішінде өтініш беру күніне		оның ішінде өтініш беру күніне		

13. Ескертпе _____

2-бөлім. Капиталға, бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен операцияларға қатысу

1. Операция түрі (белгіленсін):

1) ___ резиденттердің резидент еместердің жарғылық капиталындағы қатысу үлесін сатып алуы, резиденттердің резидент еместердің жарғылық капиталына қатысуын қамтамасыз ету мақсатында салымдар енгізуі;

2) ___ резиденттердің резидент емес-эмитенттердің акцияларын, пайларын, депозитарлық қолхаттарын сатып алуы;

3) ___ резиденттердің резидент емес-эмитенттердің өзге бағалы қағаздарын сатып алуы;

4) ___ резидент еместердің резиденттердің жарғылық капиталындағы қатысу үлесін сатып алуы, резидент еместердің резиденттердің жарғылық капиталына қатысуын қамтамасыз ету мақсатында салымдар енгізуі;

5) ___ резидент еместердің резидент-эмитенттердің акцияларын, пайларын, депозитарлық қолхаттарын сатып алуы;

6) ___ резидент еместердің резидент-эмитенттердің өзге бағалы қағаздарын сатып алуы;

7) ___ туынды қаржы құралдарымен операциялар.

1.1. резиденттің резидент емеске қатысы (3), 6) операциялар түрлері үшін толтырылады):

1) ___ резидент еместің резиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10% және одан астамына тікелей иелік етуі;

2) ___ резидент еместің резиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10% және одан астамына жанама иелік етуі;

3) ___ резиденттің резидент еместің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10% және одан астамына тікелей иелік етуі;

4) ___ резиденттің резидент еместің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының 10% және одан астамына жанама иелік етуі;

5) ___ резидент және резидент емес ешқандай бақылау жасамайды немесе бір-біріне ықпал етпейді, бірақ резиденттің дауыс беретін акцияларының, қатысушылары дауыстарының кемінде 10% тікелей немесе жанама иелік ететін бір инвестордың бақылауында немесе ықпалында болады;

6) ___ өзге.

2. Инвестор туралы мәлімет (егер өтініш беруші инвестор болып табылса толтырылмайды): резидент _____ резидент емес _____ (белгіленсін)

заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

Резидент туралы ақпарат: мекенжайы _____

_____ телефоны _____

КҰЖЖ коды _____ ЖСН/БСН _____

Резидент емес туралы ақпарат: заңды тұлғаның тіркелген/жеке тұлғаның тұрғылықты тұрған елі _____

3. Сатушы туралы мәлімет (өтініш беруші сатушы болып табылса толтырылмайды):

резидент _____ резидент емес _____ (белгіленсін)

заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) _____

Резидент туралы ақпарат: мекенжайы _____ телефоны _____

КҰЖЖ коды _____ ЖСН/БСН _____

Резидент емес туралы ақпарат: заңды тұлғаның тіркелген/жеке тұлғаның тұрғылықты тұрған елі _____

4. Валюталық шарт туралы мәлімет:

валюталық шарттың сомасы _____

(валюталық шарттың валютасындағы цифрлармен және жазумен)

валюталық шарттың валютасы _____

мерзімі өткен төлемдер үшін мөлшерлеме _____

мерзімі өткен әрбір күн үшін ілеспе төлемдер (ұйымдастырғаны, басқарғаны үшін комиссия, міндеттемелер және тағы басқалар)

(талдап көрсетілсін)

өтініш берілген күні валюталық шарт бойынша ұсынылған қаражат:

Жөнелтуші	Бенефициар	Күні	Сомасы, валюталық шарт валютасының мың бірлігі

операцияның қысқаша сипаттамасы (ақы төлеу жөніндегі нұсқаулық, қаражат қозғалысының схемасы және басқа)

5. Инвестициялау объектісі туралы мәлімет (егер өтініш беруші инвестициялау объектісі болып табылса толтырылмайды):

резидент _____ резидент емес _____ (белгіленсін)

атауы _____

Резидент туралы ақпарат: мекенжайы (облыс, қала) _____

КҰЖЖ коды _____ ЖСН/БСН _____

Резидент емес туралы ақпарат: тіркелген елі _____

6. Инвестициялау объектісінің капиталы (акциялармен, қатысу үлесімен, пайлармен операцияларды жүзеге асырған жағдайда толтырылады):

		Валюталық шарт бойынша операция жүргізілгенге дейін		Валюталық шарт бойынша операция жүргізілгеннен кейін	
		сомасы	валютасы	сомасы	валютасы
1.	Инвестициялау объектісінің жарғылық капиталы, құрылтай құжаттары бойынша валютаның мың бірлігі				
1.1	оның ішінде инвесторлар бойынша				
2.	Инвестициялау объектісінің капиталы (жарғылықтан өзгеше), құндық көрсетудегі пайлар, валютаның мың бірлігі				
2.1	оның ішінде инвесторлар бойынша				

3.	Инвестордың (инвесторлардың) инвестициялау объектісі капиталындағы үлесі %				
3.1.	оның ішінде инвесторлар бойынша				

7. Инвестициялау объектісінің акциялары туралы ақпарат (акциялармен операцияларды жүзеге асырған жағдайда толтырылады):

		Валюталық шарт бойынша операция жүргізілгенге дейін		Валюталық шарт бойынша операция жүргізілгеннен кейін	
		жай	артық-шылықты	жай	артық-шылықты
1.	Инвесторға (инвесторларға) тиесілі дауыс беруші акциялардың саны, данасы				
1.1	оның ішінде инвесторлар бойынша				

8. Инвестор (инвесторлар) валюталық шарт бойынша сатып алатын инвестициялау объектісінің акциялары туралы ақпарат:

Акцияның түрі (жай/артық-шылықты, дауыс беру құқығы бар/құқығы жоқ)	Халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN) немесе ұлттық сәйкестендіру нөмірі (ҰСН)	Бір бағалы қағаздың номиналдық құны немесе орналастыру бағасы (валюта бірлігі)	Шығару (орналастыру) валютасы

9. Инвестор (инвесторлар) сатып алатын борыштық бағалы қағаздар, инвестициялық қорлардың пайлары туралы мәліметтер:

ISIN/ҰСН _____
бағалы қағаздардың саны _____ дана
бір бағалы қағаздың номиналдық құны _____ валюта бірлігі
шығару валютасы _____
Инвестициялық қордың пайлары үшін
қор түрі (акционерлік, пайлық, ашық, жабық, аралық, өзге (көрсетілсін))

басқарушы компания _____
(атауы, елі)

10. Депозитарлық қолхаттар туралы мәліметтер:
депозитарлық қолхаттың ISIN/ҰСН _____
шығару күні _____
депозитарлық қолхаттың саны: операция жүргізілгенге дейін _____
дана, операция жүргізілгеннен кейін _____ дана.
Депозитарлық қолхат пен базалық актив бірліктерінің арақатынастары:
_____ дана депозитарлық қолхат = _____ дана
базалық актив

10.1. Депозитарлық қолхаттың базалық активтері туралы мәліметтер:
бағалы қағаздың түрі: ___ акциялар, ___ облигациялар (көрсетілсін)
депозитарлық қолхаттарға айырбасталған базалық активтер бірліктерінің
саны: операция жүргізілгенге дейін _____ дана, операция
жүргізілгеннен кейін _____ дана.

10.2. Депозитарлық қолхат эмитенті:
резидент _____ резидент емес _____ (белгіленсін)
атауы _____

Резидент емес туралы ақпарат: тіркелген ел _____
Резидент еместің экономика секторы _____

11. Туынды қаржы құралдары туралы мәлімет:
туынды қаржы құралының түрі (көрсетілсін):
___ опцион, ___ форвард, ___ фьючерс, _____ өзге (талдап көрсетілсін)

туынды қаржы құралының базалық активінің атауы _____

Бағалы қағаздың ISIN/ҰСН _____
12. Ескертпе _____

3-бөлім. Шетел банкінде банк шотын (оның ішінде жинақ) ашу

1. Шетел банкі _____
(атауы, мекенжайы, SWIFT коды және өзге банктік деректемелер)

2. Банк шотының валютасы _____

3. Банк шотының нөмірі _____

4. Банк шотының түрі (белгіленсін):
___ резиденттің, Қазақстан Республикасында орналасқан резидент филиалының (өкілдігінің)
ағымдағы шоты;
___ Қазақстан Республикасынан тыс орналасқан резидент филиалының (өкілдігінің) ағымдағы
шоты;
___ резиденттің салымы;

_____ басқа да (талдап көрсетілсін) _____

5. Банк шоты бойынша сыйқақы (мүдде) мөлшерлемесі (жылдық %)

(өзгермелі пайыздық мөлшерлеме болған жағдайда оны есептеу базасы және маржа мөлшері көрсетіледі)

6. Резидент филиалының (өкілдігінің) орналасқан жері _____

(елі, мекен-жайы)

7. Ескертпе _____

4-бөлім. Капитал қозғалысының басқа операциялары

1. Операция түрі (белгіленсін):

_____ жылжымайтын мүлікке меншік құқығын сатып алу;

_____ зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықты толық сатып алу;

_____ бірлескен қызметке қатысушының міндеттемелерін орындау;

_____ ақшаны және мүлікті сенімгерлік басқаруға беру.

2. Валюталық шарт туралы мәліметтер:

валюталық шарттың сомасы _____

(валюталық шарттың валютасында цифрлармен және жазумен)

валюталық шарттың валютасы _____

қаражатты пайдалану үшін (болған кезде) сыйақы мөлшерлемесі (мүддесі):

_____ жылдық %

(өзгермелі пайыздық мөлшерлеме болған жағдайда оны есептеу базасы

және маржа мөлшері көрсетіледі)

ілеспе төлем (болған кезде) _____

(талдап көрсетілсін)

Операцияның қысқаша сипаттамасы (ақы төлеу жөніндегі нұсқаулық,

қаражаттың қозғалу схемасы және басқа) _____

3. Объект туралы мәліметтер:

3.1. жылжымайтын мүлік _____

(елі, мекенжайы)

3.2. зияткерлік меншік объектісі _____

(объектінің қысқаша сипаты)

3.3. бірлескен қызмет _____

(жобаның қысқаша сипаты)

3.4. сенімгерлік басқару _____

(мақсаттың қысқаша сипаттамасы)

4. Өтініш берілген күні валюталық шарт бойынша ұсынылған қаражат:

Жөнелтуші	Бенефициар	Күні	Сомасы, валюталық шарт валютасының мың бірлігі

5. Ескертпе _____

Тіркеу куәлігін алуға арналған өтініш/
Валюталық операция туралы немесе
шетел банкінде банк шотын
ашу туралы хабарлама»
нысанына қосымша

Тіркеу куәлігін алу үшін өтінішті, валюталық операциялар
немесе шетел банкінде банк шотын ашу туралы хабарламаны
толтыру бойынша түсіндірме

1-4-бөлімдер тіркеу куәлігін алуға арналған өтінішті беру, тиісті валюталық операция немесе шетел банкінде банк шоты туралы хабарлама кезінде толтырылады. Толтырылмаған бөлімдер ұсынылмайды.

«Ескертпе» жолында егер валюталық шарттың сомасы тіркелмесе, валюталық шарт сомасының құралу тәсілін (тәртібін) қоса алғанда, өтініш беруші тіркеу куәлігінде (хабарлама туралы куәлікте) көрсету қажетті деп санайтын шарттың талаптары көрсетіледі.

«Коммерциялық кредиттер мен қаржылай қарыздар» 1-бөлімінде:

3-тармақта жекелеген мәмілелерді, оның ішінде тіркеуге жататын валюталық шарттарды кредиттеудің негіздемелік талаптарын айқындайтын негіздемелік келісім (бас келісім, кредиттік желі және басқа да) көрсетіледі.

12-тармақта резидентке қаражаттың түсуі және оның валюталық шарт бойынша берешекті өтеуі (резидент еместер резиденттерге ұсынған қаржылай қарыздар мен кредиттер жағдайында) туралы, сондай-ақ резидент емеске қаражаттың түсуі және оның берешекті өтеуі (резиденттер резидент еместерге ұсынған қаржылай қарыздар мен кредиттер жағдайында) туралы ақпарат шарт валютасының мың бірлігінде көрсетіледі.

А-бағанында қаражаттың ақшалай нысанында және сол сияқты тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет нысанында түсуінің нақты және (немесе) болжамды (болашақтағы) күні, ал 1-бағанда түсімдер сомасы көрсетіледі. Егер шарт сомасы келісілмесе, онда 1-бағанда тек қаражаттың нақты түсуі туралы ақпарат көрсетіледі.

Берешекке қызмет көрсету бойынша төлемдер (ақшалай және сол сияқты өзге нысандардағы) туралы ақпарат Б, 2, 3-бағандарда көрсетіледі. Б-бағанында төлем жүргізудің нақты және (немесе) болжамды (болашақтағы) күні көрсетіледі. 2 және 3-бағандарда тиісінше негізгі борышты өтеу және сыйақы төлеу көрсетіледі. Егер валюталық шартта өзгеше көзделмесе, өзгермелі пайыздық мөлшерлеме болған жағдайда сыйақы төлеудің болжамды сомасы өтініш (хабарлама) берілген күні база мәнін ескере отырып есептеледі.

Резидент немесе резидент емес аванстық төлемдер жүргізген жағдайда төлем жүргізудің тиісті күні және сомасы Б және 2-бағандарда көрсетілуі керек.

1 және 2-бағандардағы қорытынды сомалар бір-біріне және шарт сомасына тең болады, немесе, шарт сомасы анықталмаған жағдайда, өтініш беру күні нақты түскен қаражат сомасына тең болады.

Тіркеу үшін өтініш берілген сәтке дейін (хабарлай отырып) жүргізілген валюталық операциялардың жалпы сомасы «оның ішінде өтініш беру күні» жолының тиісті бағандарында көрсетіледі.

Ұзарту үшін опцион болған кезде Б-бағанында негізгі шартта белгіленген өтеу мерзімі көрсетіледі.

Егер валюталық шартта сома әртүрлі валюталардағы бірнеше сомалардан құралса, онда 12-тармақта қаражаттың түсу және берешекті өтеу кестесі әрбір шарт валютасы бойынша жеке жасалады.

«Капиталға, бағалы қағаздармен, туынды қаржы құралдарымен операцияларға қатысу» 2-бөлімінде:

Акциялармен операциялар жүзеге асырылған жағдайда 2-8-тармақтар, қатысушылардың дауыстарымен операциялар жүзеге асырылған жағдайда – 2-6-тармақтар толтырылады.

Резиденттер (резидент еместер) резидент емес (резидент) эмитенттердің өзге бағалы қағаздарын және резидент емес (резидент) инвестициялық қорларының пайларын сатып алған жағдайда 2-5, 9-тармақтар толтырылады.

Туынды қаржы құралдарымен операциялар жүзеге асырылған жағдайда 4 және 11-тармақтар толтырылады, ал егер бағалы қағаздар базалық актив болып табылса – 5-10-тармақтар толтырылады.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
жүзеге асыру қағидаларына
7-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Коммерциялық кредитті, қаржылай қарызды игеру
және қызмет көрсету туралы есеп» нысаны**

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Есепті кезең: ____ жылғы _____ тоқсан

Индексі: ПР-К/Э-7

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынатын: Резидент

Қайда ұсынылады: валюталық шартты тіркеу орны бойынша Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің аумақтық филиалы

Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда)

Нысан

Резидент _____

(заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның тегі, аты,
әкесінің аты (ол болған кезде))

ЖСН/БСН _____

Ұлттық Банктің тіркеу куәлігінің нөмірі _____

Шарттың валютасы _____

валюталық шарттың валютасының мың бірлігі

Жолдаркоды	Көрсеткіштердің атауы	Барлығы	оның ішінде ақша түрінде
А	Б	1	2
10	Есепті кезеңде кредит бойынша сыйақы есептелетін мөлшерлеме (жылдық %)		X
1-бөлім. Негізгі борыш бойынша мәліметтер			
1-бөлік. Қарыз алушының кредиторға талаптары – берілген аванстар			

(алдын ала ақы төлеу)			
11	Берілген аванстар (алдын ала ақы төлеу) есепті кезеңнің басында		X
12	Қарыз алушының кредиторға есепті кезеңде берген аванстары (алдын ала ақы төлеу)		
13	Есепті кезеңде кредитордың қарыз алушыға өтеген аванстары (кредитордың кредит бойынша қаражатты қарыз алушыға ұсынуы)		
14	Берілген аванстар (алдын ала ақы төлеу) есепті кезеңнің соңында		X
2-бөлік. Қарыз алушының кредитор алдындағы міндеттемелері			
16	Есепті кезеңнің басындағы негізгі борыш бойынша берешек		X
17	оның ішінде мерзімі өткен берешек		X
<i>Есепті кезеңдегі өзгерістер:</i>			
18	Борыштың резидент резидентке (резидент емес резидент емеске) талаптарды беру немесе резидент резидентке (резидент емес резидент емеске) борышты аудару бойынша ұлғаюы		X
19	Борыштың талаптарды берудің (борышты аударудың) өзге шарттары бойынша ұлғаюы		X
20	Кредитордың кредит бойынша қаражатты қарыз алушыға ұсынуы		
21	Сыйақы капиталдандырылды		X
22	Қарыз алушының кредиторға қарызы өтелді		
23	о.і. мерзімінен бұрын		
24	Кредитордың қарыз алушының борышын кешіруі		X
25	Борыш капиталға қатысу құралдарына (қарыз алушы және (немесе) үшінші тұлғалардың), қарыз алушының жылжымайтын мүлкіне және өзге активіне ауыстырылды		X
26	Борыш қарыз алушының борыштық бағалы қағаздарына, қарыз алушының тауарды жеткізуіне және өзге де борыштық міндеттемелеріне ауыстырылды		X
27	Борыштың резидент резидентке (резидент емес резидент емеске) талаптарды беру немесе резидент		X

	резидентке (резидент емес резидент емеске) борышты аудару бойынша азаюы		
28	Борыштың талаптарды берудің (борышты аударудың) өзге шарттары бойынша азаюы		X
29	Басқа негіздемелер бойынша борыш қайта тіркелді		X
30	Борыш есептен шығарылды		X
31	Борыш бойынша басқа өзгерістер (талдап көрсетілсін)		
32	Кредиттің игерілмеген бөлігі жойылды		X
33	Есепті кезеңнің соңындағы негізгі борыш бойынша берешек ((16) + (18) + (19) + (20) + (21) - (22) - (24) - (25) - (26) - (27) - (28) - (29) - (30) - (31))		X
34	оның ішінде мерзімі өткен берешек		X
2-бөлім. Сыйақы бойынша мәліметтер			
1-бөлік. Қарыз алушының кредиторға талаптары - берілген аванстар (алдын ала ақы төлеу)			
41	Есепті кезеңнің басындағы қарыз алушының кредиторға талаптары		X
42	Есепті кезеңде қарыз алушының кредиторға берген аванстары (алдын ала ақы төлеу)		
43	Есепті кезеңде өтелген аванстар (сыйақы есептелді)		X
44	Есепті кезеңнің соңындағы қарыз алушының кредиторға талаптары		X
2-бөлік. Қарыз алушының кредитор алдындағы міндеттемелері			
46	Есепті кезеңнің басындағы сыйақы бойынша берешек		X
47	оның ішінде мерзімі өткен берешек		X

<i>Есепті кезеңдегі өзгерістер:</i>			
48	Сыйақының резидент резидентке (резидент емес резидент емеске) талаптарды беру немесе резидент резидентке (резидент емес резидент емеске) борышты аудару бойынша ұлғаюу		X
49	Сыйақының талаптарды берудің (борышты аударудың) өзге шарттары бойынша ұлғаюу		X
50	Есепті кезеңде сыйақы есептелді		X
51	Есепті кезеңде сыйақы капиталдандырылды		X
52	Сыйақы төленді		
53	оның ішінде мерзімінен бұрын		
54	Кредитор қарыз алушыға сыйақыны кешірді		X
55	Сыйақы капиталға қатысу құралдарына (қарыз алушы және (немесе) үшінші тұлғалардың), қарыз алушының жылжымайтын мүлкіне және өзге активіне ауыстырылды		X
56	Сыйақы қарыз алушының борыштық бағалы қағаздарына, қарыз алушының тауарды жеткізуіне және өзге де борыштық міндеттемелеріне ауыстырылды		X
57	Сыйақының резидент резидентке (резидент емес резидент емеске) талаптарды беру немесе резидент резидентке (резидент емес резидент емеске) борышты аудару бойынша азаюу		X
58	Сыйақының талаптарды берудің (борышты аударудың) өзге шарттары бойынша азаюу		X
59	Басқа да негіздемелер бойынша сыйақы қайта тіркелді		X
60	Сыйақы есептен шығарылды		X
61	Сыйақы бойынша басқа өзгерістер (талдап көрсетілсін)		
62	Есепті кезеңнің соңындағы сыйақы бойынша берешек ((46) + (48) + (49) + (50) - (51) - (52) - (54) - (55) - (56) - (57) - (58) - (59) - (60) - (61))		X
63	оның ішінде мерзімі өткен берешек		X
3-бөлім. Қарыз алушы төлейтін ілеспе төлемдер			

бойынша мәліметтер			
70	Қарыз алушы есепті кезеңде комиссиялар, айыппұлдар және шарттың талаптарында қарыз алушының төлеуі көзделген басқа да төлемдер төледі		
71	Қарыз алушыға есепті кезеңде комиссиялар, айыппұлдар және шарттың талаптарында қарыз алушының төлеуі көзделген басқа да төлемдер кешірілді		X
72	Есепті кезеңде комиссиялар, айыппұлдар және шарттың талаптарында қарыз алушының төлеуі көзделген басқа да төлемдер есептен шығарылды		X
73	Қарыз алушы есепті кезеңде айыппұлдарды және қарыз алушыға соттар мен басқа да мемлекеттік мекемелер салған басқа да төлемдерді төледі		
74	Қарыз алушының басқа да төлемдері (талдап көрсетілсін)		
75	Қарыз алушының басқа да операциялары (талдап көрсетілсін)		
76	Есепті кезеңнің соңындағы төленбеген комиссиялар, айыппұлдар, қарыз алушы төлейтін басқа да төлемдер		X
4-бөлім. Қарыз алушыға төленетін ілеспе төлемдер бойынша мәліметтер			
80	Есепті кезеңде комиссиялар, айыппұлдар, шарттың талаптарында қарыз алушыға төленуі көзделген басқа да төлемдер қарыз алушыға төленді		
81	Қарыз алушы есепті кезеңде комиссияларды, айыппұлдарды, шарттың талаптарында қарыз алушыға төленуі көзделген басқа да төлемдерді кешірді		X
82	Есепті кезеңде комиссиялар, айыппұлдар, шарттың талаптарында қарыз алушыға төленуі көзделген басқа да төлемдер есептен шығарылды		X
83	Қарыз алушыға есепті кезеңде айыппұлдар және қарыз берушіге соттар мен басқа да мемлекеттік мекемелер салған басқа да төлемдер төленді		
84	Қарыз алушыға басқа төлемдер (талдап көрсетілсін)		
85	Қарыз алушының пайдасына басқа да операциялар (талдап көрсетілсін)		
86	Есепті кезеңнің соңында төленбеген комиссиялар,		

	айыппұлдар, қарыз алушы алуға арналған басқа да төлемдер		
--	--	--	--

Ескертпе: _____

Басшы (Бас бухгалтер) _____
 (лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
 (ол болған кезде))

Орындаушы _____ телефоны _____
 (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
 (ол болған кезде))

20 ____ жылғы « ____ » _____

Мөр орны
 (ол болған кезде)

«Коммерциялық кредитті,
 қаржылай қарызды игеру
 және қызмет көрсету туралы есеп»
 әкімшілік деректерді жинауға
 арналған нысанға қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Коммерциялық кредитті,
 қаржылай қарызды игеру және қызмет көрсету туралы есеп»
 нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған «Коммерциялық кредитті, қаржылай қарызды игеру және қызмет көрсету туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабы 1-тармағына, 31-бабының 2-тармағының 1) және 3) тармақшаларына сәйкес әзірленген.

3. Нысанды Қазақстан Республикасының резиденттері коммерциялық кредиттерге, қаржылай қарыздарға ресімделген тіркеу куәліктері бойынша тоқсан сайын жасайды.

Есепті ұсыну тіркеу күнін қамтитын кезеңдегі есептен басталады және тіркеу куәлігінің күші жойылды деп танылған кезеңдегі есеппен аяқталады. Қолданыстағы тіркеу куәліктері туралы ақпарат Ұлттық Банктің интернет-ресурсында орналастырылады.

Есеп электрондық цифрлық қолтаңбаны растау рәсімдері сақталатын байланыс арналары арқылы қағаз тасымалдауышта не электрондық түрде беріледі. Өзге тәсілмен берілген есеп кейіннен электрондық цифрлық қолтаңбаны растау рәсімдері сақталатын байланыс арналары арқылы қағаз тасымалдауышта не электрондық түрде растауды қажет етеді. Бір есеп түрлі тәсілдермен берілген кезде бұрын берілген күн есеп берілген күн деп саналады.

4. Нысанға тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетілген басшы немесе бас бухгалтер және орындаушы (заңды тұлғалар үшін) немесе орындаушы (жеке тұлғалар үшін) қол қояды және мөр басылады (ол болған кезде).

2. Нысанды толтыру

5. Нысан осы Қағидалардың 44-тармағында көрсетілген жағдайларда ұсынылады.

6. 1-бағанда ақша төлемі және (немесе) аударымдары, тауарлар жеткізу (жұмысты орындау, қызмет көрсету), активтерді беру, міндеттемелерді өзгеше орындау түрінде коммерциялық кредитті, қаржылай қарызды игеру және қызмет көрсету, 2-бағанда – ақша төлемі және (немесе) аударымдары түрінде ғана көрсетіледі.

Коды 10-жолда кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесінің (жылдық %) орташа мәні көрсетіледі. Сыйақы мөлшерлемесі үтірден кейін екі белгімен, сан түрінде көрсетіледі. Егер кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі өзгермелі болса, онда есепті кезеңдегі

мөлшерлеменің базалық мәнін пайдалану керек.

Кодтары 11-86-жолдарда сомалар валюталық шарттың мың валюта бірлігімен, бүтін санда көрсетіледі.

1-бөлімде негізгі борышты игеру мен өтеу бойынша ақпарат, 2-бөлімде – сыйақы (егер сыйақы валюталық шартта көзделсе) есептеу мен төлеу бойынша ақпарат, 3, 4-бөлімдерде – 1, 2-бөлімдерде көрсетілмеген өзге операциялар бойынша (бар болса): 3-бөлімде – қарыз алушының өзінің операциялары бойынша, 4-бөлімде – қарыз алушының пайдасына операциялар бойынша ақпарат көрсетіледі.

1, 2-бөлімдер қарыз алушының кредиторға талаптарын (бар болса) (1-бөлік) және қарыз алушының кредитордың алдындағы міндеттемесін (2-бөлік) қамтиды.

Қарыз алушының кредиторға негізгі борыш (сыйақы) бойынша берілген аванстары (алдын ала ақы төлеулер) болған кезде (1-бөлік), қарыз алушының кредитор алдындағы міндеттемелер туралы ақпарат (2-бөлік) аванстар толық өтелгеннен кейін (аванстар бойынша қорлар (қалдықтар) есепті кезеңнің соңында нөлге тең болғанда) ғана толтырылады.

7. Есепті кезеңнің басындағы берешек (кодтары 11, 16, 17, 41, 46, 47-жолдар) өткен есепті кезеңнің соңындағы берешекке (кодтары 14, 33, 34, 44, 62, 63-жолдар, тиісінше) тең.

8. Қаражатты (борыш, сыйақы, комиссиялар, айыппұлдар және басқа төлемдер – кодтары 24, 54, 71, 81-жолдар) кешіру ретінде қарыз алушы өтемеген борыштық міндеттеменің кредитор мен қарыз алушының уағдаластығы негізінде ішінара немесе толық ерікті түрде азаюы танылады.

Қаражатты (борыш, сыйақы, комиссиялар, айыппұлдар және басқа төлемдер – кодтары 30, 60, 72, 82-жолдар) есептен шығару дегеніміз мыналарды білдіреді:

1) резиденттің резидент емес жойылған (қайтыс болған) жағдайда қаражатты (баланстан тыс) біржақты тәртіппен есептен шығаруы;

2) резидент заңды тұлғаның банкроттығы кезінде қаражатты өтелген деп тану (таратылған резиденттің мүлкінің жетіспеушілігінен қанағаттандырылмаған, тарату балансы бекітілгенге дейін мәлімделмеген кредитор бойынша, тарату комиссиясы танымаған кредитордың талаптары);

3) қарыз алушының (кредитордың) резиденттігінің өзгеруі.

Кредиттің игерілмеген бөлігін жою (коды 32-жол) дегеніміз қарыз алушының алмаған (игерілмеген) кредиттік қаражатының бір бөлігінің азаюын, яғни валюталық шартта көзделген кредиттік қаражат сомасының азаюын білдіреді.

9. Кодтары 18, 19, 27, 28, 48, 49, 57, 58-жолдар талапты беру (борышты аудару) кезінде толтырылады:

кодтары 18, 27, 48, 57-жолдар – егер талапты беру (борышты аудару) кезінде бастапқы кредитор және жаңа кредитор (бастапқы борышкер және жаңа борышкер) бірмезгілде резиденттер болып табылса немесе бірмезгілде резидент еместер болып табылса;

кодтары 19, 28, 49, 58-жолдар – егер талапты беру (борышты аудару) кезінде бастапқы кредитор және жаңа кредитор (бастапқы борышкер және жаңа борышкер) резидент (резидент емес) және резидент емес (резидент) болып табылса.

Кодтары 29, 59-жолдар – мына аталғандардың біреуі: сомасы, валютасы, мерзімі, валюталық шарттың мәні, резиденттің сәйкестендіру деректері, резиденттің орналасқан жері өзгергенде осы Қағидалардың 28-тармағына сәйкес бұрын берілген тіркеу куәлігінің орнына Ұлттық Банк тіркеу куәлігін бергенде толтырылады.

10. Кодтары 25, 26, 31, 55, 56, 61, 74, 75, 84, 85-жолдар есептің ескертпесіне, оның ішінде активтің және (немесе) қарыз алушының борыштық міндеттемелерінің сипаттамасына талдаманы қажет етеді.

11. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік мәндермен беріледі.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Инвестициялау объектісінің капиталына қатысу бойынша есеп» нысаны**

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Есепті кезең: ____ жылғы _____ тоқсан

Индексі: ПР-И/Г-8

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынатын: Резидент

Қайда ұсынылады: валюталық шартты тіркеу (валюталық шарт туралы хабарлама) орны бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалы

Ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда)

Нысан

Резидент _____ ЖСН/БСН _____

(заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде))

Ұлттық Банктің тіркеу куәлігінің/хабарлама туралы куәлігінің нөмірі

мың АҚШ доллары

Жол коды	Көрсеткіштің атауы	Заңды тұлғаның атауы/резидент еместің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)		
		1	2	3
А	Б			
10	Есепті кезеңнің басындағы жинақталған құн			
20	Есепті кезеңде өзгеруі (+ұлғаю/-азаю) ((21) + (22) + (23) + (24) + (25) + (26) + (27) + (28) + (29) + (30) + (31) + (32) + (33) + (34) + (35))			
	оның ішінде мыналардың есебінен:			
21	ақша түсімі (+)/ алу (-)			
22	жабдықтың, тауардың және өзге мүліктің түсуі (+)/алынуы (-)			
23	материалдық емес активтердің түсуі (+)/алынуы (-)			
24	коммерциялық кредиттер және қаржы қарыздары бойынша берешек есебінен жарғылық капиталдың ұлғаюы (+)/азаюы(-)			
25	жарғылық капиталға дивидендтер есептеу (дивидендтерді акциялармен төлеу) (+)			
26	өткен жылдардың бөлінбеген кірісі есебінен жарғылық капиталдың, резервтік капиталдың немесе капиталдың басқа баптарының +ұлғаюы/-азаюы			

27	жылжымайтын мүлікті енгізу(+)/алуы (-)			
28	резидент емес эмитенттердің бағалы қағаздарын (вексельді қоса) енгізу (+)/алу (-)			
29	резидент эмитенттердің бағалы қағаздарын енгізу (+)/алу (-)			
30	жаңа тіркеу куәлігін/хабарлама туралы куәлікті алмай қатысу үлесін сатып алу (+)/сату (-)			
31	жаңа тіркеу куәлігін/хабарлама туралы куәлікті алу (+)/(-)			
32	бағамдық айырма (+)/(-)			
33	баға өзгерістері (+)/(-)			
34	инвестициялау объектісін жою кезінде есептен шығару			
35	басқалар (талдап көрсетілсін) _____			
39	Есепті кезеңнің соңындағы жинақталған құн ((10) + (20))			
40	Инвестордың есепті кезеңнің соңындағы жарғылық капиталға үлесі, %			
41	Есепті кезеңде жарияланған дивидендтер			
50	Есепті кезең үшін төленген (алынған) дивидендтер, төленген (төлеуге жататын) салықты қоса: ((51) + (52)+(53)), оның ішінде			
51	ақша түрінде			
52	акциялар түрінде (қатысу үлесімен)			
53	Өзге (талдап көрсетілсін)			

Басшы (Бас бухгалтер) _____
(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде))

Орындаушы _____ телефоны _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде))

20 ____ жылғы « ____ » _____

Мөр орны (ол болған кезде)

«Инвестициялау объектісінің
капиталына қатысу бойынша есеп»

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Инвестициялау объектісінің капиталына қатысу бойынша есеп»
нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған «Инвестициялау объектісінің капиталына қатысу бойынша есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабы 1-тармақшасына, 31-бабының 2-тармағының 1) және 3) тармақшаларына сәйкес әзірленген.

3. Нысанды Қазақстан Республикасының резиденттері капиталға қатысу операцияларына ресімделген тіркеу куәліктері, хабарлама туралы куәліктер бойынша тоқсан сайын жасайды.

Есепті ұсыну тіркеу, хабарлау туралы растама күнін қамтитын кезеңдегі есептен басталады және тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің күші жойылды деп танылған кезеңдегі есеппен аяқталады. Қолданыстағы тіркеу куәліктері, хабарлама туралы куәліктері жайындағы ақпарат Ұлттық Банктің интернет-ресурсында орналастырылады.

Есеп электрондық цифрлық қолтаңбаны растау рәсімдері сақталатын байланыс арналары арқылы қағаз тасымалдауышта не электрондық түрде беріледі. Өзге тәсілмен берілген есеп кейіннен электрондық цифрлық қолтаңбаны растау рәсімдері сақталатын байланыс арналары арқылы қағаз тасымалдауышта не электрондық түрде растауды қажет етеді. Бір есеп түрлі тәсілдермен берілген кезде бұрын берілген күн есеп берілген күн деп саналады.

4. Нысанға тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетілген басшы немесе бас бухгалтер және орындаушы (заңды тұлғалар үшін) немесе орындаушы (жеке тұлғалар үшін) қол қояды және мөр басылады (ол болған кезде).

2. Нысанды толтыру

5. Жарғылық капиталға (қатысушылардың акцияларымен, дауыстармен, пайлармен), жарғылық капиталға қарағанда, өзге капиталға қатысу бойынша нысан, - осы Қағидалардың 48, 49, 62-тармақтарында көрсетілген жағдайларда ұсынылады.

6. Резидентке капиталға қатысу операциялары бойынша ол алған бірнеше тіркеу куәліктері, хабарлама туралы куәлік бойынша есепті беруге рұқсат етіледі. Бұл жағдайда олар бойынша есеп берілетін барлық тіркеу куәліктерінің, хабарлама туралы куәліктің нөмірлері көрсетіледі.

Егер резидент оның капиталына қатысу операциялары бойынша тіркеу куәліктерін, хабарлама туралы куәлікті алса, онда 1, 2, 3 және одан әрі бағандарда бөлек әрбір резидент емес заңды тұлғаның атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және оның резиденттің капиталына қатысуы жөніндегі ақпарат көрсетіледі.

Егер резидент оның резидент еместердің капиталына қатысу операциялары бойынша тіркеу куәліктерін, хабарлама туралы куәлікті алса, онда 1, 2, 3 және одан әрі бағандарда әрбір резидент еместің атауы және резиденттің оның капиталына қатысу жөніндегі ақпарат жеке көрсетіледі.

7. Сомалар мың АҚШ долларында, бүтін санда көрсетіледі.

Есепті кезеңдегі операциялар олардың нақты құны бойынша көрсетіледі. Өзге валюталармен көрсетілген сомаларды тиісінше операциялар жүргізілген күнгі немесе есепті кезеңнің аяғындағы валюта айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып АҚШ долларына аудару керек. Туындаған бағам айырмасы коды 32-жол бойынша көрсетіледі.

Есепті кезеңнің басындағы қалдық (коды 10-жол) тиісінше, әрбір баған бойынша өткен есепті кезеңнің соңындағы қалдыққа (коды 39-жол) тең.

Есепті кезең ішінде инвестициялау объектісі капиталы құнының ұлғаюы кодтары 21-33, 35-жолдарда (+) белгісімен, капитал құнының азаюы - кодтары 21-24, 26-35-жолдарда (-

) белгісімен көрсетіледі.

Коды 31-жол Ұлттық Банк осы Қағидалардың 28-тармағына сәйкес бұрын берілген тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің орнына тіркеу куәлігін, хабарлама туралы куәлікті берген кезде толтырылады.

Дивидендтер (кодтары 51, 52, 53-жолдар) салықты қоса алғанда, оларды нақты төлеу күні бойынша көрсетіледі.

8. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік мәндермен беріледі.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
жүзеге асыру қағидаларына
9-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған

«Валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау туралы есеп» нысаны

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Есепті кезең: ____ жылғы _____ тоқсан

Индексі: ПР-Д-9

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынатын: Резидент

Қайда ұсынылады: валюталық шартты тіркеу (валюталық шарт туралы хабарлама) орны бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалы

Ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда)

Нысан

Резидент _____

(заңды тұлғаның атауы/жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде))

ЖСН/БСН _____

Ұлттық Банктің тіркеу куәлігінің/хабарлама туралы куәлігінің нөмірі

р/с №	Міндеттемелерді орындау түрі	Төлем мақсатының коды	Активтің атауы	Жөнелтуші		Бенефициар		Күн і	Валюта сы	Сомасы, мың валюта бірлігі	Ескертпе
				Резиденттік белгісі	Атауы/тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	Резиденттік белгісі	Атауы/тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Басшы (Бас бухгалтер) _____

(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде))

Орындаушы _____ телефоны _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде))

20 ____ жылғы « ____ » _____

Мөр орны
(ол болған кезде)

«Валюталық шарт бойынша
міндеттемелерді орындау туралы есеп»
әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысанға қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған

«Валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау туралы есеп»

нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған «Валюталық шарт бойынша міндеттемелерді орындау туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 1-тармақшасына, 31-бабы 2-тармағының 1) және 3) тармақшаларына сәйкес әзірленген.

3. Нысанды Қазақстан Республикасының резиденттері капиталға қатысумен, бағалы қағаздармен, туынды қаржы құралдарымен операцияларға, жылжымайтын мүліктің меншік құқығына, зияткерлік меншік объектілеріне арналған құқыққа, бірлескен қызметке, сенімгерлік басқаруға ресімделген тіркеу куәліктері, хабарлама туралы куәліктер бойынша тоқсан сайын жасайды.

Есепті ұсыну тіркеу, хабарлама туралы растау күнін қамтитын кезеңдегі есептен басталады және тіркеу куәлігінің, хабарлама туралы куәліктің күші жойылды деп танылған кезеңдегі есеппен аяқталады. Қолданыстағы тіркеу куәліктері, хабарлама туралы куәліктер бойынша ақпарат Ұлттық Банктің интернет-ресурсында орналастырылады.

Есеп электрондық цифрлық қолтаңбаны растау рәсімдері сақталатын байланыс арналары арқылы қағаз тасымалдауышта не электрондық түрде беріледі. Өзге тәсілмен берілген есеп кейіннен электрондық цифрлық қолтаңбаны растау рәсімдері сақталатын байланыс арналары арқылы қағаз тасымалдауышта не электрондық түрде растауды қажет етеді. Бір есеп түрлі тәсілдермен берілген кезде бұрын берілген күн есеп берілген күн деп саналады.

4. Нысанға тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетілген басшы немесе бас бухгалтер және орындаушы (заңды тұлғалар үшін) немесе орындаушы (жеке тұлғалар үшін) қол қояды және мөр басылады (ол болған кезде).

2. Нысанды толтыру

5. Нысан осы Қағидалардың 50, 52, 62, 65-тармақтарында көрсетілген жағдайларда ұсынылады.

6. 2-бағанда валюталық шарт бойынша міндеттемелерді мынадай орындау түрі көрсетіледі:

- 1) ақша төлемі және (немесе) аударымдары түрінде;
- 2) тауарларды жеткізу (жұмысты орындау, қызмет көрсету) түрінде;

3) активті (бағалы қағаздар, қатысу үлесі, инвестициялық қорлардың пайлары, жылжымайтын мүлік, зияткерлік меншік объектісіне арналған құқық, талдаманы қажет ететін активтің өзге түрлері) беру түрінде;

- 4) өзге (талдаманы қажет ететін).

7. Егер міндеттемелерді орындау ақша түрінде жүзеге асырылатын болса, онда 3-бағанда төлем мақсатының коды көрсетіледі, 4-баған толтырылмайды, ал 5-11-бағандарда төлем мақсаты кодтарын қолдану қағидаларында көзделген форматтар мен кодтарда ақша

аударуға (алуға) арналған төлем құжаты негізінде ақша жөнелтуші, ақша бенефициары, төлем күні, төлем валютасы, төлем валютасының мың бірлігінде төлем сомасы көрсетіледі.

8. Егер міндеттемелерді орындау активті беру түрінде жүзеге асырылатын болса, онда 4-бағанда активтің атауы көрсетіледі, 3-баған толтырылмайды, ал 5-11-бағандарда активті беруші тұлға, активті қабылдаушы тұлға, активті беру күні, актив құнының валютасы, шарт валютасының мың бірлігінде актив құнының сомасы көрсетіледі.

9. Егер міндеттемелерді орындау жұмысты, қызметті орындау немесе өзге тәсіл түрінде жүзеге асырылатын болса, онда 3, 4-бағандар толтырылмайды, ал 5-11-бағандарда міндеттемені орындайтын тұлға, міндеттемелердің орындалуын қабылдайтын тұлға, міндеттемелерді орындау күні, шарт валютасының мың бірлігінде орындалған міндеттемелердің сомасы және валютасы көрсетіледі.

10. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік мәндермен беріледі.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
жүзеге асыру қағидаларына
9-1-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Банктің резидент еместерден қаржылай қарыздарды тарту талаптары
туралы есеп» нысаны

Ескерту. Қағида 9-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Есепті кезең: ____ жылғы _____ тоқсан

Индексі: ПР-91

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатын: банк

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппараты

Ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда)

Нысан

Банктің атауы _____

Р/с №	Көрсеткіштің атауы	Қаржылай қарыз 1 туралы ақпарат	Қаржылай қарыз 2 туралы ақпарат
А	Б	1	2
1	Валюталық шарт (атауы, нөмірі, күні, мақсаты мен тағайындалуы)		
2	Валюталық шартқа толықтыру ретіндегі құжат(тар) (болған кезде) (атауы, нөмірі, күні, ескертпе)		
3	Валюталық шартқа қатысушы-резидент емес(тер) (атауы, елі, валюта операциясындағы мәртебесі)		
4	Осы валюталық шарттың реттік нөмірі (хабарлама туралы куәліктің (болған кезде) нөмірі)		
5	Валюталық шарттың сомасы (валюталық шарттың валютасында)		
6	Шарттың валютасы		
7	Негіздемелік келісім (болған кезде) (атауы, нөмірі,		

	күні)		
8	Резидент еместің банкке қатынасы		
9	Кредитті пайдаланғаны үшін сыйақы (мүдде) мөлшерлемесі (белгіленген пайыздық мөлшерлеме жағдайында жылдық % көрсетіледі, өзгермелі пайыздық мөлшерлеме жағдайында оны есептеу базасы мен маржа мөлшері көрсетіледі)		
10	Негізгі борыш бойынша мерзімі өткен төлемдер үшін мөлшерлеме (әрбір кешіктірілген күн үшін, басқасы (талдап көрсетілсін))		
11	Ілеспе төлемдер (ұйымдастыру үшін, басқару үшін, міндеттеме үшін комиссия, басқасы (талдап көрсетілсін), кредит, негізгі борыш сомасынан пайыздармен, басқасы (талдап көрсетілсін))		
12	Операцияның қысқаша сипаттамасы (төлем жасау бойынша нұсқаулық, қаражат қозғалысының схемасы, басқасы (талдап көрсетілсін))		
13	Кредиттің агенті (операторы, ұйымдастырушысы) жөніндегі мәлімет (болған кезде) (атауы, резиденттің БСН/резидент еместің елі)		
14	Ерекше жағдайлардың болуы (қарыз алушының мерзімін ұзарту, мерзімінен бұрын өтеу құқығы, кредитордың берешекті мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы, басқасы (талдап көрсетілсін))		
15	Аталған валюталық шарттың шеңберінде қаржыландырылатын келісімшарттар туралы мәлімет (болған кезде):		
15.1	қаржыландыруды сұратқан аппликант туралы мәлімет (атауы, резиденттің БСН/резидент еместің елі)		
15.2	қаржыландырылатын келісімшарт(тар) туралы мәлімет (атауы, нөмірі, күні, валюталық шарттың валютасындағы сомалар, валюта, келісімшарттың есептік нөмірі/мәміле паспортының нөмірі (болған кезде))		
15.3	келісімшартқа қатысушы бенефициар туралы мәлімет (атауы, резиденттің БСН/резидент еместің елі)		
15.4	кредитордың банкті қаржыландыру нысаны (қаражаттың банк шотына түсуі, кредитордың бенефициарға төлемі, басқасы (талдап көрсетілсін))		
16	Қаражаттың келіп түсу және берешекті өтеу кестесі (шарт валютасының мың бірлігі)		
17	Ескертпе		

Басшы (Бас бухгалтер) _____
(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде))

Орындаушы _____ телефоны _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде))

Мөр орны
(ол болған кезде)

«Банктің резидент еместерден қаржылай қарыздарды тарту талаптары туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған

«Банктің резидент еместерден қаржылай қарыздарды тарту талаптары туралы есеп» нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған «Банктің резидент еместерден қаржылай қарыздарды тарту талаптары туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Валюталық реттеу мен валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 1-тармағына, 31-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды Қазақстан Республикасының банктері банктің есепті кезеңде резидент еместерден тартқан қаржылай қарыздары туралы мәліметтер бойынша және банктің резидент еместерден бұрынырақ тартқан, осы Қағидалардың 28-тармағындағы 1)-6), 8) тармақшаларында көрсетілген тарту талаптары өзгерген (қарыздарды тартқан және (немесе) талаптар өзгерген кезде) қаржылай қарыздар бойынша ай сайын ұсынады.

4. Басшы немесе бас бухгалтер және орындаушы тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) көрсетіп және мөр басып (ол болған кезде) Нысанға қол қояды.

2. Нысанды толтыру

5. Нысан осы Қағидалардың 56-тармағында көрсетілген жағдайларда ұсынылады.

6. Нысанды банктер әрбір қаржылай қарыз бойынша жалпы банк жүйесі бойынша ай сайын жасайды.

7. Кодтары 1-17-жолдарда банктің резидент еместен қаржылай қарызды тартуының негізгі талаптары жөніндегі ақпарат көрсетіледі.

Коды 7-жолда жекелеген мәмілелерді, оның ішінде коды 1-жолда көрсетілген валюта шартын кредиттеудің негіздемелік талаптарын айқындайтын негіздемелік келісім (бас келісім, кредиттік желі және басқа да) көрсетіледі.

8. Коды 8-жолда резидент емес кредитордың банкке қатынасы көрсетіледі:

1) банктің 10% және одан көп дауыс беруші акцияларын резидент еместің тікелей иеленуі;

2) банктің 10% және одан көп дауыс беруші акцияларын резидент еместің жанама иеленуі;

3) банктің 10% және одан көп дауыс беруші акцияларын резиденттің тікелей иеленуі;

4) банктің 10% және одан көп дауыс беруші акцияларын резиденттің жанама иеленуі;

5) банк пен резидент емес бір-біріне ешқандай бақылау жасай алмайды және әсер ете алмайды, бірақ банктің 10%-дан аз емес дауыс беруші акцияларын тікелей немесе жанама иеленетін бір инвестордың бақылауында және ықпалында болады;

6) өзгесі.

9. Коды 16-жолда банкке қаражаттың келіп түскені және оның валюталық шарт бойынша берешекті өтеуі туралы ақпарат: қаражаттың (ақша, тауарлар (жұмыстар, қызметтер) түріндегі, өзге) нақты немесе болжалды (болашақта) түсу күні немесе негізгі борышты өтеу және сыйақыны төлеу күні, шарт валютасының мың бірліктеріндегі түсімдер (төлемдер) сомасы көрсетіледі. Егер шарттың сомасы валюталық шартта көзделмесе, онда қаражаттың нақты түскені туралы ақпарат қана көрсетіледі. Өзгермелі пайыздық мөлшерлеме жағдайында сыйақыны төлеудің болжалды сомасы валюталық шартта өзгеше белгіленбесе, базаның есепті

айдың соңындағы мәнін ескере отырып есептеледі.

10. Егер валюталық шарттағы сома әртүрлі валюталардағы бірнеше сомалардан құралса, онда әрбір сома мен шарт валютасы бойынша нысанның жекелеген бағандары толтырылады.

11. Ұлттық Банк осы Қағидалардың 9-2-қосымшасында белгіленген нысан бойынша банктің резидент еместерден тартқан қаржылай қарыздарын игеру және оған қызмет көрсету туралы есепте әрбір қаржылай қарыз бойынша міндеттемелердің нақты орындалуы жөніндегі ақпаратты көрсету үшін реттік нөмір береді.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
жүзеге асыру қағидаларына
9-2-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Банк резидент еместерден тартқан қаржылай қарыздарды игеру және оларға қызмет көрсету туралы есеп» нысаны

Ескерту. Қағида 9-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Есепті кезең: _____ жылғы _____ тоқсан

Индексі: 11-0Б

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынатын: банк

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппараты

Ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда)

Нысан

Банктің атауы _____

1-кесте. Ұлттық Банкке осы Қағидалардың 56-тармағына сәйкес олар туралы есеп берілген немесе оларға осы Қағидалардың 56-тармағы қолданысқа енгізілгенге дейін Ұлттық Банк ресімдеген хабарлама туралы куәлік (бұдан әрі – ХК) қолданыста болатын қаржылай қарыздарды игеру және оларға қызмет көрсету

Реттік нөмір, ХК нөмірі (болған кезде)	ХК күні (болған кезде)	Кредитордың атауы	Кредит валютасының атауы	Негізгі борыш								
				Есепті кезеңнің басындағы қалдық, шарт валютасының мың бірлігі	Есепті кезеңдегі операциялар, шарт валютасының мың бірлігі						Есепті кезең соңындағы қалдық	
					Ұлғаю			Азаю			Сомасы, шарт валютасының мың бірлігі	Баланстық шот нөмірі
					Барлығы	Олардың ішінде есебінен		Барлығы	Олардың ішінде қайта ұйымдас тыру есебінен			
Қайта ұйымдастыру	Капиталдандырылған сыйақы	Барлығы										
А	Б	В	Г	1	2	3	4	5	6	7	8	

кестенің жалғасы

Сыйақы					Кредит жағдайы	Ескертпе
Есепті кезеңнің басындағы қалдық, шарт валютасының мың бірлігі	Есепті кезеңдегі операциялар, шарт валютасының мың бірлігі		Есепті кезеңнің соңындағы қалдық			
	Есептелді	Төленді	Сомасы, шарт валютасының мың бірлігі	Банк шотының нөмірі		
9	10	11	12	13	14	15

2-кесте. Өзге қаржылай қарыздарды игеру және оларға қызмет көрсету

Реттік нөмірі	Алдыңғы кезең үшін есептен алынатын реттік нөмір	Кредитордың атауы	Кредит валютасының атауы	Кредит сомасы	Кредиттік келісімнің (келісімшарттың) нөмірі	Қолданылу кезеңі		Кредитор елінің атауы
						Игерудің басталу күні	Өтеудің соңғы мерзімінің күні	
А	Б	В	Г	Д	Ж	З	И	К

кестенің жалғасы

Негізгі борыш							
Есепті кезеңнің басындағы қалдық, шарт валютасының мың бірлігі	Есепті кезеңдегі операциялар, шарт валютасының мың бірлігі					Есепті кезең соңындағы қалдық	
	Ұлғаю			Азаю		Сомасы, шарт валютасының мың бірлігі	Баланстық шоттың нөмірі
	Барлығы	Олардың ішінде есебінен		Барлығы	Олардың ішінде қайта ұйымдастыру есебінен		
Қайта ұйымдастыру		Капиталдандырылған сыйақы					
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

Сыйақы					Ескертпе
Есепті кезеңнің басындағы қалдық, шарт валютасының	Есепті кезеңдегі операциялар, шарт валютасының мың бірлігі		Есепті кезең соңындағы қалдық		
	Есептелді	Төленді	Сомасы, шарт валютасының мың бірлігі	Баланстық шоттың нөмірі	

мың бірлігі					
9	10	11	12	13	14

Басшы (Бас бухгалтер) _____
 (лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
 (ол болған кезде))

Орындаушы _____ телефоны _____
 (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
 (ол болған кезде))

20 ____ жылғы « ____ » _____

Мөр орны
 (ол болған кезде)

«Банк резидент еместерден тартқан қаржылай қарыздарды игеру және оларға қызмет көрсету туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған

«Банк резидент еместерден тартқан қаржылай қарыздарды игеру және оларға қызмет көрсету туралы есеп» нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған «Банк резидент еместерден тартқан қаржылай қарыздарды игеру және оларға қызмет көрсету туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Валюталық реттеу мен валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 1-тармағына, 31-бабы 2-тармағының 1) және 3) тармақшаларына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды Қазақстан Республикасының банктері банктің резидент еместерден тартқан қаржылай қарыздары (қарыздар болған кезде) бойынша тоқсан сайын ұсынады.

4. Басшы немесе бас бухгалтер және орындаушы тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) көрсетіп және мөр басып (ол болған кезде) Нысанға қол қояды.

2. Нысанды толтыру бойынша түсіндірмелер

5. Нысан осы Қағидалардың 57-тармағында көрсетілген жағдайларда ұсынылады.

6. Нысанда банктер жалпы банк жүйесі бойынша есепті кезең басында және (немесе) соңында резидент еместер алдында өтелмеген міндеттемелері бар әрбір қаржылай қарыз жөніндегі ақпаратты жеке-жеке көрсетеді.

7. 1-кестеде осы Қағидалардың 9-1-қосымшасында белгіленген нысан бойынша банктің резидент еместерден қаржылай қарыздарды тарту талаптары туралы банк есеп ұсынған немесе Ұлттық Банк осы Қағидалардың 56-тармағы қолданысқа енгізілгенге дейін ресімдеген хабарлама туралы қолданыстағы куәліктері бар қаржылай қарыздарды игеру, өтеу және оған қызмет көрсету көрсетіледі. Қолданыстағы хабарлама туралы куәліктер туралы ақпарат Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

8. 2-кестеде өзге қаржылай қарыздарды игеру, өтеу және оларға қызмет көрсету көрсетіледі.

9. Сомалар шарт валютасының мың бірліктерінде толық сандармен көрсетіледі.

10. 1-кестеде:

А-бағанында осы Қағидалардың 9-1-қосымшасында белгіленген нысан бойынша банктің резидент еместерден қаржылай қарыздарды тарту талаптары туралы есептегі қаржылай қарызға

Ұлттық Банк берген реттік нөмір немесе хабарлама туралы куәліктің нөмірі көрсетіледі;

Б-бағанында хабарлама туралы куәліктің күні көрсетіледі;

14-бағанда «қолданыстағы», «тараптардың міндеттемелерін толық орындауы» тізімінен алынатын есепті кезеңнің соңындағы кредиттік келісімнің жағдайы көрсетіледі. Кредиттік келісім тараптардың міндеттемелерін, оның ішінде сыйақы бойынша немесе мерзімі өткен төлемдер бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданыста болады деп есептеледі.

11. 2-кестеде Б-бағанында алдыңғы кезеңдегі есептен алынатын қаржылай қарыздың реттік нөмірі көрсетіледі.

12. 1 және 2-кестелерде:

1-бағанда есепті кезеңнің басында өтелмеген, оның ішінде мерзімі өткен негізгі борыш көрсетіледі;

2-бағанда негізгі борыштың кредиттік қаражатты алу, борышты қайта ұйымдастыру және сыйақыны капиталдандыру есебінен есепті кезеңдегі ұлғаюы көрсетіледі;

3-бағанда талапты беру (борышты аудару) кезіндегі қайта ұйымдастыру есебінен борыштың ұлғаюы көрсетіледі;

4-бағанда сыйақыны капиталдандыру (сыйақыны негізгі борышқа жатқызу) көрсетіледі;

5-бағанда өтеу және қайта ұйымдастыру есебінен негізгі борыштың, оның ішінде мерзімі өткен борыштың есепті кезеңдегі азаюы көрсетіледі;

6-бағанда қайта ұйымдастыру есебінен борыштың азаюы көрсетіледі. Мерзімінен бұрын өтеу, кешіру, талапты беру (борышты аудару), борышты капиталға қатысу құралдарына (қарыз алушының және (немесе) үшінші тұлғалардың), қарыз алушының жылжымайтын мүлкі мен өзге активіне, қарыз алушының борыштық бағалы қағаздарына, тауарды жеткізу және қарыз алушының өзге де борыштық міндеттемелеріне алмастыру қайта ұйымдастырудың негізгі түрлеріне жатады;

7, 8-бағандарда есепті кезеңнің соңында өтелмеген, оның ішінде мерзімі өткен негізгі борыш пен борыш қалдығы есепке алынатын баланстық шоттың нөмірі көрсетіледі;

9-бағанда сыйақы бойынша есепті кезеңнің басындағы берешек, оның ішінде мерзімі өткен берешек көрсетіледі;

10-бағанда есепті кезеңде есептелген сыйақы көрсетіледі;

11-бағанда төлем, қайта ұйымдастыру және сыйақыны капиталдандыру есебінен сыйақының, оның ішінде мерзімі өткен сыйақының есепті кезеңде азаюы көрсетіледі;

12, 13-бағандарда сыйақы, оның ішінде мерзімі өткен сыйақы бойынша берешек және осы берешек есепке алынатын баланстық шоттың нөмірі көрсетіледі.

Баланстық шоттың нөмірі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6772 тіркелген «Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Даму Банкінің және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторының шолуын қалыптастыру үшін мәліметтерді ұсыну жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2010 жылғы 27 желтоқсандағы № 105 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Даму Банкінің және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторының шолуын қалыптастыру үшін мәліметтерді ұсыну жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес толтырылады.

13. 1-кестенің 15-бағанында және 2-кестенің 14-бағанында (болған кезде) қамтамасыз ету түрі және валютаны көрсете отырып, валютаның мың бірліктерінде қамтамасыз ету сомасы беріледі. Егер қамтамасыз етудің бірнеше түрі бар болса, онда қамтамасыз етудің барлық түрлері мен қамтамасыз етудің жалпы нарықтық құны мың теңгемен көрсетіледі.

14. 1 және 2-кестелердегі арифметика-логикалық бақылау:

1-баған = алдыңғы тоқсан есебінің 7-бағаны,

2-баған \geq 3-баған + 4-баған,

5-баған \geq 6-баған,

7-баған = 1-баған + 2-баған - 5-баған,

9-баған = алдыңғы тоқсан есебінің 12-бағаны,

12-баған = 9-баған + 10-баған - 11-баған.

15. Қаржылай қарыз шарты бойынша қаражатты игеру және берешекті өтеу бойынша болжамдық деректерді нақтылау мақсатында Ұлттық Банк осы Нұсқаулықтың 9-1 қосымшасының 16-тармағында келтірілген нысан бойынша ақпаратты сұратады.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
жүзеге асыру қағидаларына
10-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Жарғылық капиталға қатысу,
бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен операциялар
бойынша есеп» нысаны**

Ескерту. 10-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Есепті кезең: _____ жылғы _____ айы

Индексі: ПР-10

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатын: банктер, брокерлер, басқарушы компаниялар

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің орталық аппараты

Ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-не дейін (қоса алғанда)

Нысан

Резиденттің атауы _____

КҰЖЖ коды _____ БСН _____

1-кесте. Жасалған мәмілелер туралы ақпарат

Р/ с №	Клиент туралы ақпарат				Қарсы агент туралы ақпарат			Мәміле туралы ақпарат							Ескертпе
	Резиденттік белгісі	Атауы /тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)	БСН (КҰЖЖ) / ЖСН	Резидент емес елі	Резиденттік белгісі	Атауы/ТАӘ	Резидент емес елі	Мәміле түрі	Бағалы қағаздардың саны	Бағасы (валюта бірлігі немесе %)	Сомасы (валюта бірлігі)	Мәміле валютасы	Активтің/қаржы құралының атауы	ҰСН немесе ISIN	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16
1-бөлім. Резидент емес эмитенттердің бағалы қағаздары, резидент емес инвестициялық қорлардың пайлары															
2-бөлім. Резидент эмитенттердің бағалы қағаздары, резидент инвестициялық қорлардың пайлары															
3-бөлім. Резидент еместердің капиталына қатысу үлесі															

4-бөлім. Резиденттердің капиталына қатысу үлесі											
5-бөлім. Басқа қаржы құралдары, оның ішінде туынды қаржы құралдары											

2-кесте. Қаржы құралдары туралы ақпарат

P/ с №	Активтің/қаржы құралының атауы	ҰСН немесе ISIN	Базалық активтің атауы		Бағалы қағаздың түрі	Құрылтай құжаттары бойынша эмиссия/жарғылық капитал валютасы	Эмитент/инвестициялау объектісінің атауы	Эмитент/инвестициялау объектісінің елі	Борыштық бағалық ағаздардың ғару күні	Борыштық бағалық ағаздардың өтеу күні	Ескертпе
			Активтің/қаржы құралының атауы	ҰСН							
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1-бөлім. Резидент емес эмитенттердің бағалы қағаздары, резидент емес инвестициялық қорлардың пайлары											
2-бөлім. Резидент эмитенттердің бағалы қағаздары, резидент инвестициялық қорлардың пайлары											
3-бөлім. Резидент еместердің капиталына қатысу үлесі											
4-бөлім. Резиденттердің капиталына қатысу үлесі											
5-бөлім. Басқа қаржы құралдары, оның ішінде туынды қаржы құралдары											

Басшы (Бас бухгалтер) _____
 (лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
 (ол болған кезде))

Орындаушы _____ телефоны _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде))

20 _____ жылғы « _____ » _____

Мөр орны
(ол болған кезде)

«Жарғылық капиталға қатысу,
бағалы қағаздармен және
туынды қаржы құралдарымен
операциялар бойынша есеп»
әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысанға қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Жарғылық капиталға қатысу, бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша есеп» нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме «Жарғылық капиталға қатысу, бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 1-тармағына, 31-бабы 2-тармағының 1) және 3) тармақшаларына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды Қазақстан Республикасының банктері, брокерлері, басқарушы компаниялары өздерінің және клиенттердің бағалы қағаздармен және туынды қаржы құралдарымен (операциялар болған кезде) операциялары бойынша ай сайын ұсынады.

4. Басшы немесе бас бухгалтер және орындаушы тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) көрсетіп және мөр басып (ол болған кезде) Нысанға қол қояды.

2. Нысанды толтыру

5. Нысан осы Қағидалардың 61-тармағында көрсетілген жағдайларда ұсынылады.

6. Есепте брокерлер және (немесе) дилерлер, басқарушы компаниялар өз қаражаттары, клиенттердің және инвестициялық қорлардың қаражаттары есебінен жүзеге асырылған мына операциялар туралы ақпарат көрсетеді:

1) резидент емес эмитенттердің бағалы қағаздарымен, резидент емес инвестициялық қорлардың пайларымен (резидент еместер арасындағы операцияларды қоспағанда) баламасында жүз мың АҚШ долларынан асатын сомадағы операциялар;

2) резидент эмитенттердің бағалы қағаздарымен, резидент инвестициялық қорлардың пайларымен (резиденттер арасындағы операцияларды және мемлекеттік бағалы қағаздармен операцияларды қоспағанда) баламасында бес жүз мың АҚШ долларынан асатын сомадағы операциялар;

3) резиденттердің баламасында жүз мың АҚШ долларынан асатын сомада резидент еместердің жарғылық капиталына қатысу салымдарымен операциялары;

4) резидент еместердің баламасында бес жүз мың АҚШ долларынан асатын сомада резиденттердің жарғылық капиталына қатысу салымдарымен операциялары;

5) резиденттер мен резидент еместер арасындағы төлем сомасы (төлем сомасына базалық активке ақы төлеу кірмейді) баламасында жүз мың АҚШ долларынан асқан кездегі туынды қаржы құралдарымен операциялар.

7. 1-кестенің 2, 5, 6, 8-бағандары және 2-кестенің 9-бағаны Төлем мақсатының кодтарын қолдану қағидаларына сәйкес толтырылады.

8. 1-кестенің 15-бағанында және 2-кестенің 3, 5-бағандарында бағалы қағаздың ҰСН - ұлттық сәйкестендіру нөмірі не бағалы қағаздың ISIN - халықаралық сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

9. 1-кестеде жасалған мәмілелер туралы ақпарат көрсетіледі. Әрбір мәміле туралы ақпарат жеке жолда көрсетіледі.

10. 1-кестенің 2-5-бағандарында клиент (резидент немесе резидент емес, резидент инвестициялық пай қоры) туралы ақпарат көрсетіледі. Өз операциялары болған жағдайда, 2-5-бағандар толтырылмайды. Резидент заңды тұлғада БСН болмаған жағдайда, ҚҰЖЖ кодын көрсету міндетті.

11. 1-кестенің 9-бағанында клиент немесе өз операциялары болған жағдайда есеп беретін резидент тарапынан мәміле түрі көрсетіледі: сатып алу, сату, РЕПО немесе кері РЕПО ашу (жабу).

12. 1-кестенің 11-бағанында баға пайызбен берілгенде, «%» белгісі көрсетіледі.

13. 1-кестенің 14-бағанында бағалы қағаздармен мәмілелер жасалған жағдайда, бағалы қағаздардың атауы немесе биржа мақсаты үшін пайдаланылатын бағалы қағаздың кодтары, жарғылық капиталға қатысу үлесін иеленген жағдайда, инвестициялау объектісі - заңды тұлғаның және сатып алынатын үлестің атауы, туынды қаржы құралдарымен мәміле жасалған жағдайда, туынды қаржы құралының (форвард, фьючерс, опцион және басқа да) атауы көрсетіледі.

14. 1-кестеде көрсетілген мәміле жасалған қаржы құралдары туралы ақпарат 2-кестеде көрсетіледі. 2-кестеде әрбір қаржы құралы туралы ақпарат жеке жолда көрсетіледі. 1-кестеде бір қаржы құралымен бірнеше мәміле көрсетілген кезде, 2-кестеде қаржы құралы туралы ақпарат бір рет көрсетіледі.

15. 2-кестенің 2 және 3-бағандары 1-кестенің 14, 15-бағандарына сәйкес толтырылады.

16. 2-кестенің 6-бағанында бағалы қағаздың түрі (акция - жай, артықшылық берілген; облигация; нот және басқа) толтырылады.

17. 2-кестенің 4 және 5-бағандары 2-кестенің 4-бөлімі толтырылған кезде ғана толтырылады. 2-кестенің 4-бөлімінде 6-11-бағандар бағалы қағаздар туынды қаржы құралының базалық активі болып табылған жағдайда толтырылады.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
жүзеге асыру қағидаларына
11-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Шетел банкіндегі банк шотындағы қаражаттың қозғалысы туралы есеп» нысаны

Ескерту. 11-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Есепті кезең: ____ жылғы ____ тоқсан

Индексі: ПР-Ф-11

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынатын: Резидент

Қайда ұсынылады: валюталық шарт туралы хабарлама орны бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалы

Ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-на дейін (қоса алғанда)

Нысан

Резидент _____ БСН _____
(заңды тұлғаның атауы)

Шетел банкінің атауы, елі _____

Ұлттық Банктің хабарлау жөніндегі куәлігінің нөмірі _____

Банк шотының валютасы _____

шот валютасының мың бірлігі

Жол коды	Көрсеткіштердің атауы	Ағымдағы шот	Салым/осы ағымдағы шот шегінде ашылған салым
А	Б	1	2
10	Есепті кезеңде шот бойынша сыйақы есептелетін мөлшерлеме (жылдық %)		
11	Есепті кезеңнің басындағы қалдық		
20	Кезең ішінде түскен барлық қаражат ((21) + (31) + (32))		
	оның ішінде:		
21	резидент еместерден ((22) + (23) + (24) + (25) + (26) + (27) + (28) + (29) + (30)):		
22	тауарлар (жұмыстар, қызметтер) экспортынан түсім		
23	тартылған қаржылай қарыздар бойынша		
24	берілген қаржылай қарыздарды өтеуден		
25	жарғылық капиталға қатысу (акцияларды қоса алғанда) бойынша		
26	бағалы қағаздармен (акциялардан басқа) және туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша		
27	жылжымайтын мүлікті сатудан		
28	бірлескен қызметтен		
29	сыйақы және дивидендтер		
30	өзге де (талдап көрсетілсін)		
31	резиденттерден		
32	басқа меншікті банк шоттардан валютаны айырбастауды қоса алғанда аудару тәртібімен ((33)+(34)):		
33	уәкілетті банктердегі банк шоттарынан		
34	шетел банктеріндегі банк шоттарынан		
40	Кезең ішінде жұмсалған барлық қаражат ((41) + (42) + (52) + (53))		

	оның ішінде:		
41	өз филиалдары мен өкілдіктерін ұстауға		
42	резидент еместерге басқа шығын ((43)+(44) +(45) + (46) + (47) + (48)+ (49) + (50) + (51)):		
43	тауарлар (жұмыстар, қызметтер) импортына		
44	тартылған қаржылай қарыздарды өтеуге		
45	қаржылай қарыздарды беруге		
46	жарғылық капиталға қатысу бойынша (акцияларды қоса алғанда)		
47	бағалы қағаздармен (акциялардан басқа) және туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша		
48	жылжымайтын мүлікті сатып алуға		
49	бірлескен қызметке		
50	сыйақы және дивиденд төлеуге		
51	өзге де (талдап көрсетілсін)		
52	резиденттерге өзге де шығын		
53	басқа өз банк шоттарына валютаны айырбастауды қоса алғанда аудару тәртібімен ((54) + (55)):		
54	уәкілетті банктердегі банк шоттарына		
55	шетел банктеріндегі банк шоттарына		
60	Есепті кезеңнің соңындағы қалдық ((11) + (20) - (40))		
70	Шетел банкі осы банк шот бойынша есепті кезеңде есептеген сыйақы		
Овердрафт жөніндегі ақпарат			
80	Есепті кезеңде овердрафт үшін сыйақы есептелетін мөлшерлеме (жылдық %)		X
81	Есепті кезеңнің басындағы қалдық		X
82	оның ішінде овердрафт үшін сыйақы бойынша қалдық		X

83	Банктің овердрафты ұсынуы ((84) + (85) + (86) + (87))		X
	оның ішінде:		X
84	өзінің филиалдары мен өкілдіктерін ұстап тұруға		X
85	резидент еместерге өзге де шығын		X
86	резиденттерге өзге де шығын		X
87	басқа өзінің банк шоттарына валютаны айырбастауды қоса алғанда аудару тәртібімен		X
88	Банк овердрафт үшін есепті кезеңде есептеген сыйақы		X
89	Банкке овердрафты өтеу		X
90	Банкке овердрафт үшін сыйақы төлеу		X
91	Есепті кезеңдегі овердрафт бойынша өзге де өзгерістер (талдап көрсетілсін)		X
92	Есепті кезеңдегі сыйақы бойынша өзге де өзгерістер (талдап көрсетілсін)		X
93	Есепті кезеңнің соңындағы қалдық ((81) + (83) + (88) - (89) - (90) + (91) + (92))		X
94	оның ішінде овердрафт сыйақысы бойынша қалдық ((82) + (88) - (90) + (92))		X

Басшы (Бас бухгалтер) _____
(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде))

Орындаушы _____ телефоны _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде))

20 ____ жылғы « ____ » _____

Мөр орны
(ол болған кезде)

«Шетел банкіндегі банк шотындағы қаражаттың қозғалысы туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Шетел банкіндегі банк шотындағы қаражаттың қозғалысы туралы есеп» нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме «Шетел банкіндегі банк шотындағы қаражаттың қозғалысы туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы

Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 1-тармағына, 31-бабы 2-тармағының 1) және 3) тармақшаларына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды Қазақстан Республикасының резиденті заңды тұлға шетел банкіндегі банк шотына хабарлама туралы куәлігі бойынша тоқсан сайын береді. Есепті ұсыну хабарлама туралы растау күнін қоса алғандағы кезең үшін жасалған есептен басталады және хабарлама туралы куәліктің күші жойылды деп танылған кезеңдегі есеппен аяқталады. Қолданыстағы хабарлама туралы куәліктер бойынша ақпарат Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

Есеп қағаз тасымалдағышпен не электрондық цифрлық қолтаңбамен расталу рәсімдерін сақтай отырып, байланыс арналары арқылы электрондық түрде беріледі. Өзге тәсілмен берілген есепті кейіннен қағаз тасымалдағышпен не электрондық цифрлық қолтаңбамен расталу рәсімдерін сақтай отырып, байланыс арналары арқылы электрондық түрде растау талап етіледі. Бір есепті әртүрлі тәсілдермен берген кезде есеп берген күндердің ішіндегі ерте берілген күн есепті беру күні болып есептеледі.

4. Басшы немесе бас бухгалтер және орындаушы тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) көрсетіп және мөр басып (ол болған кезде) Нысанға қол қояды.

2. Нысанды толтыру

5. Нысан осы Қағидалардың 69-тармағында көрсетілген жағдайларда ұсынылады.

6. 1-бағанда шетел банкіндегі ағымдағы шот туралы, 2-бағанда шетел банкіндегі салым туралы ақпарат көрсетіледі. Егер ағымдағы шот шегінде салым (салымдар) ашылса, онда осындай салым (салымдар) туралы ақпарат 2-бағанда беріледі.

Коды 10-жолда есепті кезеңдегі ағымдағы шот, салым бойынша сыйақының орташа мөлшерлемесі (жылдық %), коды 80-жолда овердрафт үшін сыйақының орташа мөлшерлемесі көрсетіледі. Сыйақы мөлшерлемесі жүздік үлеске дейін дөңгелектеніп сан түрінде көрсетіледі. Егер сыйақы мөлшерлемесі өзгермелі болса, есепті кезеңдегі мөлшерлеменің базалық мәні қолданылады.

7. Сомалар шот валютасының мың бірлігімен, бүтін сандармен көрсетіледі.

Егер шот мультивалюталық болса, сомалар мың теңгемен, бүтін сандармен көрсетіледі. Пайда болатын бағамдық айырма өзге де өзгерістерде беріледі (30, 51, 91, 92-кодтары бар жолдар).

8. Шетел банкі шотты ашу талаптарына сәйкес осы банк шоты бойынша резидент заңды тұлғаға овердрафты ұсынған кезде, 81-94 кодтары бар жолдар толтырылады. Банктің клиенттің шотында ақша қаражаты жеткіліксіз немесе болмаған жағдайда оның есеп айырысу құжаттарын төлеуі үшін банк шотын кредиттеуі овердрафтты білдіреді. Овердрафт кезінде банк клиенттің шотындағы қаражатты есептен шығарады және бір мезгілде клиенттің шотындағы қаражатпен өтелмеген ақының бір бөлігіне қаржылай қарыз береді.

9. Есепті кезеңнің басындағы қалдық (11, 81-кодтары бар жолдар) алдыңғы есепті кезеңнің соңындағы қалдыққа (60, 93-кодтары бар жолдар) тең келеді.

10. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік мәнмен беріледі.

Қазақстан Республикасында
валюталық операцияларды
жүзеге асыру қағидаларына
12-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортымен немесе импортымен байланысты валюталық шарттар бойынша міндеттемелерді орындау туралы есеп» нысаны

Ескерту. 12-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 264 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Есепті кезең: ____ жылғы _____ айы

Индексі: ПР-12

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатын: шетел банкінде тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортымен немесе импортымен байланысты баламасында елу мың АҚШ долларынан асатын сомада валюталық шарттар бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымдары жүзеге асырылатын банк шоты бар резидент

Қайда ұсынылады: шетел банкіндегі банк шотының ашылуы туралы хабарлама орны бойынша Ұлттық Банктің аумақтық филиалы

Ұсыну мерзімі: есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 дейін (қоса алғанда)

Нысан

Резидент _____ БСН _____

(заңды тұлғаның атауы)

Шетел банкінің атауы, елі _____

Шетел банкінде банк шотын ашуға берілген Ұлттық Банктің хабарлама туралы куәлігінің нөмірі _____

Беру күні _____ банк шотының валютасы _____

Р/ с №	Шарттың деректемелері				Келісім-шарттың есептік нөмірі		Резиденттің міндеттемелерді резидент еместің пайдасына орындауы					Резидент еместің міндеттемелерді резиденттің пайдасына орындауы		
	Белгісі - экспорт / импорт	Күні	Шарт валютасы	№	Алу күні	Күні	Міндеттемелерді орындау тәсілінің коды	Мың бірлікпен сомасы	Ескертпе	Күні	Міндеттемелерді орындау тәсілінің коды	Мың бірлікпен сомасы	Ескертпе	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15

Басшы (Бас бухгалтер) _____
(лауазымы) (қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде))

Орындаушы _____ телефоны _____
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде))

20 ____ жылғы « ____ » _____

Мөр орны
(ол болған кезде)

«Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортымен немесе импортымен байланысты валюталық шарттар бойынша міндеттемелерді орындау туралы есеп» әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортымен немесе

импортымен байланысты валюталық шарттар бойынша міндеттемелерді орындау туралы есеп» нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме «Тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортымен немесе импортымен байланысты валюталық шарттар бойынша міндеттемелерді орындау туралы есеп» нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы 19-бабының 1-тармағына, 31-бабы 2-тармағының 1) және 3) тармақшаларына сәйкес әзірленді.

3. Нысанды шетел банкінде тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) экспортымен немесе импортымен байланысты баламасында елу мың АҚШ долларынан асатын сомада валюталық шарттар бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымдары жүзеге асырылатын банк шоты бар Қазақстан Республикасының резиденті ай сайын ұсынады. Мұндай ақша төлемі және (немесе) аударымдары болмаған кезде нысан нөлдік көрсеткіштермен толтырылып ұсынылады.

4. Басшы немесе бас бухгалтер мен орындаушы тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) көрсете отырып және мөр басып (ол болған кезде), Нысанға қол қояды.

2. Нысанды толтыру

5. Нысан осы Қағидалардың 70-тармағында көрсетілген жағдайларда ұсынылады.

6. 2-бағанда егер шарт экспорт бойынша болса «1» деген және шарт импорт бойынша болса «2» деген белгі көрсетіледі.

7. 4, 7, 8, 12-бағандар «ЖЖ/КК/АА» форматында күнді көрсету арқылы толтырылады.

8. 6, 7-бағандарда валюталық шартқа берілген келісімшарттың есептік нөмірі және оны алу күні көрсетіледі (болған кезде), ал келісімшарттың есептік нөмірі ретінде мәміле паспортының нөмірі алынса, мәміле паспортының нөмірі және оны беру күні көрсетіледі.

9. 9, 13-бағандарда міндеттемелерді орындау тәсілінің мына кодтары көрсетіледі:

10 - ақша төлемі және (немесе) аударымы;

20 - тауарды жеткізу;

30 - қызмет көрсету, жұмыстарды орындау;

40 - міндеттемелерді өзгеше орындау.

9 немесе 13-бағандарда «40» коды көрсетілген кезде, тиісінше 11 немесе 15-бағандарда міндеттемелердің өзгеше орындалуы талдап көрсетіледі.

10. 10, 14-бағандарда сомалар шарт валютасының мың бірлігімен көрсетіледі. Егер есеп айырысу валютасы шарт валютасымен сәйкес келмесе 10, 14-бағандарда сомалар шарттағы валюталық келісуге сәйкес не резидент емес әріптеспен келісілген басқа да бағам бойынша қайта есептелген шарт валютасының мың бірлігімен көрсетіледі. Бұл ретте қайта есептеу бағамы мен есептеу валютасының атауы тиісінше 11 немесе 15-бағандарда көрсетіледі.

11. Қажеттілігіне қарай есепке өзге де қосымша ақпараты мен түсіндірмелері бар анықтама қоса беріледі.